

А. КӨБЕСОВ



АББАИПАЖУ
ДАРЖЕТИЕРИ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

А.КӨБЕСОВ

**АБАЙТАНУ
ДӘРІСТЕРІ**

**АЛМАТЫ-2000
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚТЫҢ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПА КАБИНЕТІ**

А.Көбесов

Абайтану дәрістері /Оқу кұралы/. - Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, Алматы, 2000 ж., 84 бет. ISBN 5-8380-1870-4

Еңбекте ұлы акынның қара сөздері мен өлеңдерін мұқият қарастыра отырып, оның ғылыми-педагогикалық, діни-философиялық және басқа көзқарастары мен жаңалықтары баяндалған.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

Шікір жазғандар: Ж.Д. Дәдебаев - филология ғылымдарының докторы, профессор

Р.Р. Халитова - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университеті механика-математика факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған

ISBN 5-8380-1870-4



А.Көбесов



Ы.Алтынсарин атындағы
Қазақтың білім академиясының
Республикалық баспа кабинеті, 2000

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРА СӨЗДЕРІ

*Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?*

Абай

Рухани өміріміз кесепатты саясаттандыру, идеологияландыру догмаларының қатаң құрсауынан босауы - абайтану ғылымына да үлкен жақсылық, игілік әкелді. Бұл тұрғыда, әсіресе, Абайдың діни-философиялық мақамда жазылған еңбектерінің жұлдызы жарқырай жанды деуге болады. Оның қара сөздер деп аталып жүрген шығармалар тобын қайта оқып, тереңрек барлай бастасак, олардың соны қыр-сырлары байқалып, зерттеушіні әр түрлі ойға жетелейді. Солардың үлкен бір парасы ғұламаның тәлім-тәрбиелік мазмұндағы пайымдаулары мен түйгендері болып табылады. Бұл сөздердің кейбірін педагогикалық тақырыпқа арнайы жазылған дүниелер деп қарастыру жөн сияқты.

Абай шығармаларының екі томдық академиялық толық жинағында /жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР ҒА корреспондент - мүшесі Ы.Дүйсенбаев, 2-том, 1977/ Абай есіміне байланысты қара сөздердің ішінде оқшауырақ, жеке даралау тұрған төрт шығарма бар екені көрсетіледі. Олардың ішінде ақынның жиырма жетінші және әйгілі отыз сегізінші сөздері бар.

Отыз сегізінші сөзге берілген түсініктемеде мұның Мүрсейіт қолжазбасында қарасөз қатарына қосылмай, нөмірленбей өз алдына дербес шығарма ретінде алынғаны, 1905, 1907 жылдардағы көшірмелерінде бұл сөз “кітаб тасдиқ” деген атпен жеке берілгені ғана айтылып, текстологиялық түзетулер енгізілумен шектелінеді.

Х.Ж. Сүйінішәлиевтің 1956 ж. жарық көрген “Абайдың қара сөздері” атты монографиясында бұл сөз өз алдына жеке талданбайды, мұның жанрын анықтауда автор трактатқа ұқсайтын жағын /мазмұн/ ескерте келіп, негізінен “өсиет ретінде кеңес сөз үлгісіне /поучение, беседа/ жатқызуды жөн санадық” дейді /121 б./.

Біздің пікірімізше, бұл еңбекті қара сөз, кеңес сөз немесе қаранайым, кәдуілігі “ғақлия” қатарына жатқызудың реті, қисыны келіңкіремейді. Бұған Абайдың өзі қойған “Кітаб тасдиқ” атының өзі-ақ жақсы дәлел бола алады. “Тасдиқ” деген араб сөзін “сенім”, растау, “бекіту” деп аударуға болады, сондықтан бұл еңбек “Сенім кітабы”, “Растау немесе бекіту кітабы” болып ғылыми атау алады. Өз алдына дербес ғылыми педагогикалық

шығарма деп айтуға тағы бір дәлел - 1905 жылғы қолжазба соңында көшірмеші ғылыми трактаттарды /рисаларды/ көшірушілердің Шығыста кең тараған дәстүрін қабылдап “Язушы молла Мұрсахит Бике маркум ұғлы” деген қолтаңба қалдырады және мұнда дербес еңбектерге тән үрдіске сай әр жерде күдай сөзі - қалам шарифке, пайғамбар хадистеріне және басқағылыми сілтемелер кездеседі. Мәселен, Абай атакты Алшаяр софының “бір фәрдеден жүз фәрде бижай” деген афоризмін /накыл сөзін/ келтіреді. Мұның үстіне бұл шығармада көптеген діни-педагогикалық және этнопедагогикалық терминдер ұшырасады /хакім, ғалым, хауас сәлім, тәркі дүние, ниет халыс, хұлық, жауанмәрт, инсаният, нақлия, шарх, гибрат, ишарат т.б./.

Біздің топшылауымыз бойынша Абайдың бұл бірегей, біртума еңбегінің түп нұсқасын данышпан бабасы әл-Фараби салып кеткен Шығыстың классикалық педагогикалық туындылары үлгісінде жазылған педагогикалық трактат /рисалат/ деп айтуға негіз бар, өйткені сырттай шолып танысқанның өзінде мұндағы тұнып тұрған педагогиканы байқамау мүмкін емес; тіпті дәлдеп айырсақ, оны “Педагогиканың діни /ислам/ негіздері” деп атау әбден лайық. Мұның басты дәлелі трактаттың өзінде, оның әрбір сөзінде жатыр.

Бұл отыз сегізінші сөздің басы мынадай терең ұстаздың толғау-арнауымен басталады: “Ей жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар /ескертіш/ қалдырайын. Ықласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың толады. Махаббат-әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер - әуелі хауас сәлім һәм тән саулық, бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы күрбы, жақсы ұстаздан болады”.

Осы кіріспенің өзінен-ақ ғұлама-педагогтың тәлім, тәрбие, адамдық, ақыл дарыту туралы көздеген мұраты, нұсқаған жолы анық көрініп тұрғандай.

Бұл трактатта Абай педагогика ғылымына заманы үшін зәру де көкейкесті көп мәселелерді қойып, оларды шешіп беруді көздейді. Бұлардың алғы шебінде шәкірт пен ата-ана, ұстаз, арақатынасы, олардың адамгершілік адал ниеті мен оқу, оқыту жөніндегі адал махаббаты қойылады. “Ғылым-білімді әуелі бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпен яғни алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады”.

Абай баланы жасынан дін жолы, ғылым жолына адал болуға баулуды педагогиканың бірінші алғы шарты ретінде ұсынады. “Көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, я ол балалары өздері барған болады - ешбір бәра болмайды.

Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, хаттә иман иғтиқатқа да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылар жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамшылығының кәмелет таппағы - қиынның қиыны”.

Абай педагогикасында басты мақсат - адамды барынша кәмелетке, кәмелдікке жеткізу, ол кәмелдікті адамға лайық түрде көрсету, іске асыру, пайдалану, қызығын көру, басқаға шарапатын тигізу, ол дүниеге азық ету. Мұндай “адамшылық кәмелет табудың”, адал дархандыққа жетудің басты құралы етіп ол имандылықты қояды. Шын имандылық Алланы тану, оны мейлінше сүю, оған барынша ұқсау, еліктеу жолымен келеді. Иmandылыққа тәрбиелеу, имандылыққа қол жеткізу бұл трактаттың басынан аяғына дейін өтетін негізгі желі /лейтмотив/, өйткені кәміл имандылық дарыған адамда жаман қасиет болмақ емес. Қазіргі педагогикалық терминология бойынша айтсақ, Абай тәрбиенің ішінде ең бірінші орынға таза дін тәрбиені қояды, қалған тәрбие түрлері /адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене т.б./ осы тәрбиеге тығыз байланысты жүреді, жүзеге асырылады. Абайдың бұл тұрғыдағы тамаша бір әрекеті дін фанатизмге, соқыр сенімге, дін бұзар дүмше молдаларға үзілді-кесілді қарсы болып, таза дінді, салауаттылықты қолдау туралы қағидалары болып табылады. Абай дәріптеген дін - ол гуманизм жолын ұстаған қасиетті дін, ол “тәркі дүниелікке” мүлде қарсы. “Ғұмыр - өзі хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмелет жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние /дүниеден безген/ емес еді.”

Мұсылман оқымыстыларын, ұстаздарды ол екі тонка бөледі, олар ғалымдар және хәкімдер. Ғалымдар ежелден келе жатқан, ұрпақтан ұрпаққа көшіп отыратын нақия шындықтар, ал хәкімдер ақылмен, логикалық қисынмен табылатын ақын /ғажия/ шындықтарды уағыздайды, насихаттайды. “Әрбір ғалым хәкім емес, әрбір хәкім - ғалым. Ғалымдардың нақиясы бірлән мұсылман иман тақиды /біреуге еріп иман келтіруді/ кесіп қылады. Хәкімдердің ғажияты бірлән жетсе, иман яқини /шын иман/ болады. ...Бұл заманның молдалары хәкім ағына дүспән болады. Бұлары білімсіздік, бәлкі бұзық фиғиял. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе,

соған мәз болып, өзіне өзгешілік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады”

Мұнда Абай оқу, тәлім-тәрбие ісінде ұстаздардың қызмет-қасиетін жоғары қойып дүмше молдалардың шәкірттерінің түзу жолдан ауытқан, “түрлі-түрлі зарарлар хасыл” қылатын жолға түсуіне себепші болатыны туралы айтып отыр. Бұл трактатында Абай өз заманындағы мектеп-медреселердегі білім беру, тәрбиелеу ісіне де көңілі толмайтын сынап білдіреді. Оларда дін жағынан болсын, ғылым тұрғысынан болсын дүмшелік, арамзалық, өзімшілік топастық жайлағанын ренжи жазады. “Бұл күндегі тахсилғұлум /ғылым үйрену/ ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды... Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдысыз бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат /тіршілік/ дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да харекетке лайығы жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады”.

Абай феодалдық және капиталистік қоғамдардың шекарасында өмір сүрген педагог, сондықтан да замана әкелген ғылым, техника, өнер жаңалықтарын, игіліктерін мансұқ етпейді, қайта оларға үлкен ылттипатпен, құрметпен қарайды, үйренуді, игеруді мақұлдайды, мұндағы ұстаз - хакімдер қызметіне тәнті болады. Ол былай дейді: “Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрді тауып аспандағы жайды бұрып алып, дүниенің бір шегінен кәзір жауып алып тұрып, от пен суға қайласын тауып мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусун /әсіресе/ адам баласының ақыл-пікірін ұстартып хак пен батлдықты /өтірікті/ айырмқты үйреткендігі - баршаға нафиғлық /пайдалы/ болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ”.

Абайдың бұл трактатында түсінген кісіге тіпті экологиядан нышан беретін, ой салатын деректер бар. Олар Алланың адамзатқа махаббатының, шексіз қайырымдылығының көрінісі, өсімдіктер мен хайуанаттардың ерекше үйлесім /гармония/, келісіммен жаратуы, оны бұзуға мүмкін еместігі жайлы қисындар, пайымдаулар арқылы бой көрсетеді. “Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздық бірлән бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін үшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа,

олары терең түңғыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып қоймақтығы. Бәлки адам баласының нәсіліне таусылмас азық болсын дегені”.

Абайдың педагогикалық ілімінің темірқазығы саналатын имандылыққа тәрбиелеу әр түрлі жолдар арқылы жүзеге асады. Солардың ең негізгісі етіп Абай Алла тағаланың ешбір теңдесі жоқ бейнесін дәріптеп, оны бірден-бір үлгі етіп соған ғашық болуды, еліктеуді ұсынады да педагогикалық барлық мақсат-әрекеттерді осы төңірекке топтастырады. Ал жаратушы бір Алланы тану, оған “ұқсап бағу” махаббатсыз болмайды: “себебі Алла тағала өзі хақиқат жол. Хақиқат пен растық қиянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда хақлықты таппайды. Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің емес һәммәні білетуғын ғылымға ынтықтық өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Әнің үшін ол алланың өзіне ғашықтық керек.”

Абай сонау әл-Фарабиден басталып, Ян Амос Коменский қолдаған, кәзіргі педагогикалық негізгі принциптердің біріне айналған жастарға жан-жақты ғылыми білім берудің тәлім-тәрбиелік мәнін жоғары бағалап “һәммәні білетуғын ғылымға” үмтылуды жақтауының өзі - педагогикалық үлкен жетістік екені даусыз. Бұл қағиданы ол бір Алланы танумен байланыстыра негіздейді, өйткені, “саниғын сұңғатына”, яғни жасаушына жасағанына қарап білу қажет. Еңдеше ғылым Алланың бір көрінісі болып шығады. “Ғылым - алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтың өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, физзат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің махаббаты табылмайды”.

Бұл трактатта адал еңбек, еңбекпен табылған мал мен бақ туралы да Абай тәлімдік ой-пікірлер айтады. Мысалы, ол “мал, мақтан, физзат-хұрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдық бұзбаңды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынын іздесе, тапса да таппаса да адамдығы жоғалады”, - дейді.

Бұл еңбекте жасалған тағы бір жаңашыл маңызды педагогикалық қорытынды - ол діни қағидалардың да замана зейіліне қарай өзгеріске түсуі және оның ғалымдар тарапына кемелдендіріліп отырылу қажеттілігі жайлы пікір дер едік. Ол былай дейді: “Пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм” ақыр заманда бір жылдық бір күн болар “дегенде сахаба и кәримлар /ғылым үйренушілер/” бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар “деп сұрағанда: оның пәтуасын сол заманның

ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеру бірлән қағидалар өзгерілімгін білдіргені мағлұм болады”.

Абайдың үйретуі бойынша ұят, әділет, шафғат, ынсап, т.б. адамгершілік қасиеттер имандылыққа бастайды, оны нығайтады және керісінше имандылық оларды өсіреді, бекітеді. Бұл жерде ол Мұхаммед пайғамбарымыздың “Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ” деген хадис шарифін келтіріп, әрі қарай “бәлкі ғаделет барша өзгүліктің анасы дүр. Нысап, ұят, бұл ғаделеттен шығады” деп дамытып әкетеді.

Абайдың пікірінше, имандылық ғибадат жасау арқылы нығаяды. Мәселен, бес уақыт намаз және оған дайындық тағы басқа. Ғибадат-адам батининдегі /ішкі жағындағы/ иманның көлеңкесі және сол иманның көркі мен қорғанысы үшін бұйырылған. Мысалы, дәрет алу ишаратты Алла емес, әуелі адамның өзі үшін қажет, өйткені кісінің иманы кәміл де толық болу үшін ішкі жағын, жан дүниесі мен сыртқы көрінісі бір-біріне сай келу керек.

Абай көрсеткен мұсылмандық ишараттардың дене тазалығы, тән саулығы үшін де мәні үлкен.

Трактат “Жә, бұл сөзден не ғибратлендік?!” деген терең дидактикалық сауалмен тамамдалады.

Абайдың педагогикалыққа қатысы бар тағы бір қара сөзі - жоғарыда аталып өткен жиырма жетінші сөз /Сократ хакімінің сөзі/. Ақынның шығармаларының толық жинағында бұған берілген түсініктемеден оның Мүрсейіт қолжазбасында басқа сөздер қатарында нөмірленбегені айтылып, “Тегі Абай көне философтар жөніндегі оқылған бір кітаптан аударған сияқты” деген шағын хабар берілген.

Біздің зерттеулеріміз бойынша бұл еңбек ежелгі грек ойшыл-хакімдер Сократ, Платон материалдарын еркін пайдалана жазылған ақынның төл дүниесі. Мұның ғылым-педагогикалық нысанасы, мазмұны әлгінде ғана талданған отыз сегізінші сөзбен тығыз байланысты, тіпті соның етене жалғасы тәрізді. Атап айтқанда, алғашқысында көрсетілгендей имандылықтың негізгі алғы шарты бір Алланы тану, сүю, қалтқысыз сену болса, бұл шығармада соны шәкірттерді тәрбиелеудің, дарытудың дидактикалық әңгіме түріндегі бір жолы көрсетілген. Мұнда Абай бастау көзін сонау Сократтан алатын педагогикадағы негізгі дәстүрлі әдістердің бірі - эвристикалық әдісті қолданудың тамаша бір үлгісін келтіреді.

Оқытудағы эвристикалық әдіс деп негізінен диалогиялық /сұрақ-жауап/ түрдегі эвристикалық сұхбатты түсінеді. Мұның

мәнісі ұстаз шәкірттерге жана білім, ұғымды, шешімді дайын күйінде бірден жалаң бере салмай, орнымен қойылған қисынды проблема, сұрақ-сауал арқылы оларды бұрын қалыптасқан білім-бақылаулар мен әрмір тәжірибесіне сүйеніп, мәселенің жауабына өздерін жетелеп алып келеді.

Айтылмыш сөздің желісі Сократ ғұлама мен оның күпірлік көзқарастағы талантты бір шәкірті арасындағы пікір таласына құрылған. Абай әнгіме кіріспесінде “Сократ хакім бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне құдай табаракқа уатағалаға /Үлы күдіретті құдайға/ құлшылық қылмақ турасында айтқан сөзі. Ол өзі құлшылық қылғандарға құлуші еді” деп қысқаша түсінік береді де, одан әрі Сократ эвристикалық әдісті қолданып әлгі шәкіртті құдайды сөзсіз мойындауға қалай мәжбүр еткені айтылады. Ойымыз дәлелді болу үшін бас жағынан үзінді келтірейік:

- Ай, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты? - деді.

Ол айтты:

- Толып жатыр, қазірет.

- Бірінің атын аташы, - дейді.

- Гомерге бәйітшілігі себепті. Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспектік. Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын, - деп, соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты.

Олай болса, кім артықша ғажайыблануға лайықты: жансыз, ақылсыз құр пішінді жасайтуғын суретші ме? Я жан иесі адамды жаратушы ма? - Соңғысы лайық, - дейді, - бірақ ол жаратуы жаратты, өздігінен кез келіп, солай болып кетпей, басынан біліп істеген хикметімен болса, - дейді...”

Сұхбат осы түрде жалғаса беріп, ақырында “Аристодим тахқиқ ойлап тексергенде адамды жаратушы артық хикмет иесі екендігіне және махаббатымен жаратқандығына шүбәсі қалмады...”

Абайдың бұл әдіс-үлгісін кәзіргі дидактика кәдесіне орнын тауып қолдану - жемісті болары даусыз.

Бұл сөздің шығу төркініне барыңқырайтын болсақ, Абайдың 1961 ж. шыққан толық жинағында бұған берілген түсініктерде “Абай Сократқа тән болған баяндау, пікір айту әдісін қолданып, сұрақ пен жауап түрінде жазған” /649 бет/, “Аристодим - Сократ хакімнің шәкірті, аты-жөні белгісіз адам” /655 бет/ деп жалпы айтылған. Біздің пікірімізше ол Сократтың шәкірті Платонның “Той” атты диалогінің тікелей ықпалымен жазылған деуге үлкен

нені бар /Платонның “Таңдамалы диалогтарын қараңыз”/. Біріншіден, Абай сөзінде Алла тағаланы тану, дәріптеу, оған “тажайыпшпаны” жайында айтады, ал Платон Эрот және басқа ежелгі гректер табынған құдайларды өзара салыстырып ұлылығын, кереметін ашуды көздейді. Екі әңгіме де диалог түрінде құрылған; екеуінің де шешімі біреу - айтыс қорытындысында Сократ сөзінің қисындылығы, ақиқаттығы дәлелденеді; екеуінде де Сократ шәкірті Аристодим /Платонда-Аристодем/ қатысады. Абайда ол айтысушы екі жақтың бірі болса, Платонда ол әңгіме-айтыстың куәсі және соны жеткізуші. Платон - оның шыққан жерін, Сократқа қатысын келтіреді. Платонның біз қараған ешбір басқа диалогтарында Аристодемнің аты аталмайды.

Абай Платонды араб-парсы тіліндегі әдебиеттен оқып білді ме, әлде орысша аудармасына немесе орыс тіліндегі басқа бір деректерге сүйенді ме - бұл жағы бізге әзірше беймәлім; қалай болғанда да бұл айтқандарымыз Абайдың Платон драматургиясы /диалогтары/ үлгісін қазақ топырағына әкелуші алғашқы автор болғанын көрсетеді және Абай жасампаздығына ежелгі грек ойшындары, әдебиетшілері тарапынан игі әсерді ықтияттылықпен, тереңірек зерттей түсу қажет екенін аңғартады.

Абайдың педагогикаға қатысты мәселелерді қозғаған шығармалары қатарына оның жиырма бесінші сөзін де жатқызу ақылға қонады. Мұнда ол шәкірттердің қалыпты білім - өнер игеруінің кейбір алғы шарттарын белгілейді. Ең әуелгі шарт, құрал ретінде ана тілімен қоса, мәдениетті халықтар тілдерін жетік нұсқайды. Атап айтқанда қазақтың кітаби тілі түркішені, онан кейін ескі ғылыми тілдер қатарына жататын араб, парсы, тілдерін жақсы білуді талап етеді. /“Сонан соң араб, парсы керек”/. Осылардан кейін сол тұстағы қазақ қауымына ең жақын өркениетті ел орыс тілін үйренуді кезекке қояды.

Бұл тұрғыда ескертетін бір жайт - бұл сөзде кездесетін, “орысша оқу керек, хикмет те, мал да, ғылым да - бәрі орыста зор”, және “орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі” деген негізінде дұрыс айтылған хикметтерді бәзбір зерттеушілер контекстен бөліп алып, жалаң қошамет, қолпашқа түсіп, ұлы ағартушының шын ниет көзқарасының өңін айналдырып жібереді. Осының салдарынан, Абай дұрыс-терісіне, ақ-қарасына, күллі орыс біткеннің айтқанын күй алуға, оларға көзсіз көбелектей бас ие беруге шақырғандай әсер қалады. Шынында, бірінші пікірден кейін іле-шала ол “Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек” екенін қоса айтады. Ал екінші

хикметтің алдында мынадай ескерту бар: “Сен оның тілін білсең көкірек көзің ашылады. Әрі бірсудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арыздана жалынбайды.”

Жалпы айтқанда, Абайдың бұл шарты бойынша көптілділік білімпаздық бастауы, кемелдік көзі. Бұл үлкен ілгерішіл, оң дұрыс қағида екенін өмірдің өзі, педагогика тарихы көрсетіп отыр.

Осы сөздегі ескерілмей жүрген педагогикаға қатысты бір соны қағида - ғылымды, білімді, әдепті болудың басты алғышарттарының бірі ретінде шәкіртке тиісті материалдық жағдай, лайықты асарқау, қаражат қажеттілігінің көрсетілуі: “Қарны ашкісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?” “Мына мен айтқан жол - мал айр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден үял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал айма. Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсетер ме, өзі рахат көрер ме, я жұртқа рахат көрсетер ме?”

Кейінгі қатаң ескерту жас ұрпаққа тәлім, тәрбие беруде еңжарлық, кембағалдық, сарандық танытып отырған біздің көзіргі қоғамға да тура келеді.

Ғылым үйренудің педагогикалық-психологиялық алғышарттарына түгелдей бағышталған Абайдың отыз екінші сөзін де өз аядына дербес трактат деңгейінде жазылған шығарма деп айтуға толық болады. Мұнда осындай алты шарттың мән-мазмұны негізделіп, сараланған. Автор мұны жазудағы мақсат-ниеті кіріспесінен айқын байқалады: “Білім-ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесін керек болар еді деп іздемекке керек. Оның себебі, білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білгенінді білген уақытта көңілді бір рахат хузур жасил болады...”

Абайдың педагогикалық мазмұндағы шығармаларын біз түгел, толық талдап бердік деп айта алмаймыз. Мақсат болашақ зерттеушілерге ой тастап, көмеңгер де жұмбақ ұстаздың бұл саладағы тындырған ұлы істеріне, ой-пікір иірімдеріне терең бойлауға бастамақ, бағыт-бағдар жасау болады.

АБАЙДЫҢ ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРНЫ

Жоғарыдағы Абайдың педагогикалық кара сөздері туралы мақаламызда біз ұлы ойшылдың діни-фәлсафалық мазмұнда жазылған еңбектерінің ең биік шыңы болып табылатын отыз сегізінші кара сөзін немесе “Китаб тасдик” туындысының жанрын анықтап, тақырыбын, көтерген проблемаларын көрсету жөнінде сөз қозғадық. Біз енді қолда бар некен-саяқ тарихи деректер және Абай шығармалары бойынша қал-қадірімізше жүргізген өз зерттеулерімізге сүйеніп, бұл бірегей - діни-философиялық трактаттың жазылу жағдай-себептері және оның ақынның жалпы шығармашылық әрекеттеріне /шайырлық, прозалық/ еткен әсері туралы пікір алысуды көздеп отырмыз. Қалай десеңде, бұл еңбек Абайдың ақыл-парасатының кемел толысып, дүниені, әлеуметтік өмірді, қоғамдық салт-сананы жан-жақты да терең пайымдау нәтижесінде дүниеге келгендігі дау туғызбайды. Мұның үстіне бұл тұста оның ғылыми-философиялық, діни-этикалық мол білім жинақтап, оны берісі қазак қауымы, арысы бүхіл адамзат игілігіне жұмсау ниетіндегі үлкен ұмтылыс, күлшыныста болғанын да көреміз. “Ей, жүрегімнің куаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын” - деген бастама - арнау сөз осыны білдіреді. Абайдың бұл трактатының жазылуына себеп болған жағдайлар және оның жазылу уақыты туралы кесіп айту қиын. Дегенмен ұлы ақынның үзенділіс шәкірті Көкбай естіліктерінде бұл туралы елерліктей деректер келтірген /Көкбай мен Тұрағұлдың естелігі. “Лениншіл жас” 1991 ж. 12 қыркүйек/. Бұларды еске алмай кетуге болмайды. Абай өзінің діни-философиялық идеяларымен тұжырымдарын қорытуда Шығыс, батыс білімпаздарының бұл тұрғыдағы жетістік-кемшіліктерін, мұсылман, христиан т.б. діни доғмаларды, қағидаларды терең барлап өз зердесінен өткізіп отырған.

Абайдың мұсылман діні туралы ойларын ұстартып, ширатып бір ізге келтіріп, дербес еңбек түріне келтіруге тікелей себепші болған негізгі бір түрткі - Семейге келген орыс православие дінінің миссионерлерімен пікір таласы болған сияқты. Мұны біз Көкбайдың мынадай мағлұматтарынан аңғарамыз: “Сонымен, кейінірек жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молда-имамдар болса сөйлесемін деп іздегенде Семей қаласындағы мұсылман оқымыстылардың барлығы араларынан бір ауыздан Абайды сайлай шығарып, Сергейден жеңілмей, өзінің дінінің абыройын аман сақтай

шығуына мешітке жиылып, мінәжат қылып, Абайға бата беріп, тілек тілей жөнелткен... Бұл мәжілісті Абай дін жайынан қаншалық сөйлесіп, қанша таласты, ол арасын мен толық білмеймін. Бірақ артынан Абайдың өзіміз сұрағандағы азын-аулақ айтқаны:

Сергей: - Мұсылман дінінде құдай күш иесі, қорқытушы. Сондықтан, құдай жолындағы күлшылық, тазалық, ақтық барлығы да қорқудан тұратын сияқты, - дейді.

Оған мен: - Біздің құдай “Рахман, рахим” қуат қана иесі емес, рақым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес, мақабаты бар қуат. Әке мен баланың арасы сияқты. Әке шешуші ие... - дедім, - деді.

Содан кейін, Абай христиан дінінің нанымы бойынша, “Үш жүзді құдай” деген ұғымға қарсы дау айтыпты. Бірлігіне үш жүзді болу сия ма? Сол үш сипат бір жүзінде болса, құдайлығына көп бола ма? - десе керек”.

Біздің қосарымыз отыз сегізінші сөзде бұл мәселелер дамытылып лайықты орнын тапқан сияқты. Мысалы Алланың адамзатқа деген шексіз мейірім-шапағаты, оның сегіз субугия /туракты/ сипаты, тоқсан тоғыз әсмай хусналары /көркем, жақсы есімдер/ т.б.

Бұл діни талас - ой түрткі Абай үшін де ізсіз қалмай, ол христиан дініндегі кейбір гуманистік, адамжандылық прогрессивтік қисындарды мұсылман діні негіздеріне де енгізуге талап жасаған деп ойлауға негіз бар. Бұл мүмкін нәрсе, өйткені бұл екі діннің түп-тамыры сабақтас, етене жақын болып келеді /Иса пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбар үмбеттер/.

Абай өлеңдерін байыптай қарағанда бұл еңбекте келтірілген көптеген тұжырымдар мен қағидалар оның шығармашылығында әр түрде көрініс тауып, дамытып, өңделіп, бірсыпыра философиялық, діни-дидактикалық өлеңдеріне, кейбір қара сөздеріне арқау болғанын аңғаруға болады. Бұл туралы Көкбай ақын да естелігінде куәлік келтіреді. “Кейбір жазылған дін өлеңдері болса, сол сөздің жеке-жеке пікірлерінен туған сияқты”, дейді Көкөң.

Мұндай ауыс-түйіс керісінше жүруі де, яғни Абайдың кейбір идеялары мен тұжырымдары әуелі басқа шығармаларына арқау болып кейіннен пысықталып, ширатылып осы трактатқа енгізілуі де мүмкін.

Бұл тұрғыда бірінші айтылуға тиіс дүние - ол Абайдың атакты “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” - деп басталатын өлеңі. Бұл өлең-трактатты айтылған нағыз имандылық, адамгершілік Алланы ақиқат білуден, танудан, оны шексіз мойындаудан, оның

айтқандарына, кітаптарына, жаратқанына шүбәсіз сенуден туындайтынын ескертуден басталады.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас,
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айрылмас.
Амантуды оқымаған кісі бар ма?
Уәктубия дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер
Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға...

Алла мәңгі-бақи тұрақты, ал Замана зейілімен шарифат қағидаларының үнемі өзгеріп отыратыны жайлы айтқандарын ол мұнда былай түйіндейді:

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді
Оларға кез-кезімен нәби келді
Қағида шарифаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермейді.

Алланың адамзатқа мейір-махаббатының қисапсыз мөлкендігі, соған лайық болмақ, соны қайтармақ адамзат үшін парыздың парызы болатыны туралы қағидасын Абай өлеңінде былай дамытады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады иманы гул,
Иманның асылы үш деп сен тақиқ біл.
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түтіл.
Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ-хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуеской - онан шошы.

Бұл жерде бір ескертетін жәйт Абай еңбектің атындағы бекіту, растау, шындық мағынасындағы тасдиқ сөзін қолдануы кездейсоқ емес. Бұл өлеңде Абайдың ораза, намаз т.б. иманды бекітерлік гибадат туралы пікірлері де қисыны табылып келтірілген:

Руза, намаз, зекет, хаж - талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылмағанмен татымды бермес жеміс.
Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған,
Хуснизан мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Бұл еңбекпен тамырлас Абайдың тағы бір діни - шайырлық шығармасы - “Алла деген сөз жеңіл” де басталатын өлеңі. Мұнда осы сөздегі Алланы және оның шексіз сыр-сипатын, сан алуан көрініс-келбетін ешбір ғалымның жолына жүйрік - мұтәкәллімдер болсын, қисын, дәлелге жетік-мантикиндер болсын дәл де толық танып біле алмақ емес, өйткені “құдайтағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз”. Алайда пенде тілімен, жүрегімен, сезім-түйсігімен бір жаратушыны әрқашан танымақ жолына түсу керек.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағрипқа тілім қысқа аһ!
Барлығынша шүбәсіз,
Неге мәужүт ол куә...
Ақыл мен хауас бырлығын,
Білмейдір, жүрек сезедүр,
Мүтәкәллимін, мантикин
Бекер босқа еседүр.

Бұл тақырыпқа арналған шумақтар басқа өлеңдерінде де бар.
Мысалы:

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне кұмар қылған оның әмірі.
Хақлыққа махлұқ ақылы жете алмайды
Оймен білген нәрсенің бәрі-дәһрі
Өзгені ақыл ойға қондырады
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.

Бұл трактатта сөз болған ғылым-білім меңгеру мақсат жолдары, мектеп-медреселердің мүшкіл хәлі, дүмше ұстаз-моллалардың арамзалығы Абай өлеңдерінде жиі ұшырасып отырады. Мысалдар келтірейік:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,

немесе

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз,

болмаса

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал кұмар көңлі-бек соқыр?
Бүркіттен кем бе жем жесі
Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы -
Жаңа өспірім көкөрім,
Бейне қолдың саласы
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.

Табиғат оның байлығы сәні мен салтанаты, ондағы орын тепкен әсем келісім, былайша айтқанда гармониялық үйлесім мен экологиялық жарасым - барлығы да Алланың адамзатқа деген махаббат-шапағаты, оның мәңгі риздығы болар деген осы еңбектегі тезис Абайдың әйгілі “Жазғытұры” атты өлеңінде әдемі бейнеленген:

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер.
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер
Анамыздай жер иіп емізгенде
Бейне әкендей үстіне аспан төнер.
Жаз жібітіп, жан берген қара жерге
Рахметіне алланың көңіл сенер
Мал семіреп, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер
Қара тастан басқаның бәрі жадырап
Бір сараңнан басқаның бейлі өнер
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Абайдың қара сөздерін қайта қарастыра келіп осы отыз сегізінші сөзде келтірілген діни-фәлсафалық қорытындылары мен қағидалардың сәлдары, үзінділері, түйіндері іспеттес басқа бірнеше сөз бар екеніне куә боламыз. Атап айтсақ олар: он екінші, он үшінші және қырық бесінші сөздер. Бұлардың алғашқысында иман жолында ғибадат қылу мәнісі әңгіме болады да оның толық, кемел болуының екі шарты көрсетіледі.

“Әуелі-иманның иғтиқатын махкемлемек керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны қудай ұрды, ғибадаты болмайды”. Бұлардың баянды, берекелі болмағы - адамның ақ жолындағы және өзінің ары алдындағы шыншылдығына тікелей байланысты. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдай жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды”

Осыдан кейінгі он үшінші сөзінде Абай иман деген қасиетті ұғым мағынасынан ашып, анықтап, осы “иман дерлік инанудың” екі түрін - якини иман, яғни шын және таклиди иман, яғни біреуге еріп инану жолдарын саралайды. Ол былай дейді: “Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел испатқыларға жарас, мұны якини иман десек керек. Екіншісі - кітаптің оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген соншалықты беріктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз.”

Абайдың осы отыз сегізінші сөзінде келтірілген Алланы танып-білудің бір шарты жан-жақты тәлім алу, яғни “хамманы білетуғын ғылымға” ұмтылу туралы қағидасы жоғарыда көрсетілген жиырма бесінші сөзінде орыстың ғылымын меңгеру қажеттілігі туралы талабымен ұштасып жатыр. Бұл сөзде осымен бірге орыстың да орысы, олардан үйренудің, елікпен елпіндеудің де орынды, орынсыз жағы бар екендігі туралы дер кезінде деп басып айтылған ескертпелер де бар. Мұндай пікірлер Абайдың кейбір сықақ өлеңдеріне де арқау болған.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қакқанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға

Абай орыс ғылымын, тілін білсек “ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей закон болмаса, законсыз зорлығына көнбес едік” деп отаршыл, зорлықшыл ұлықтарға ашық қарсылық білдіреді. Сонымен қатар ол орыс ғылымымен мәдениетін үйренгендер “оның қаруымен тағы да қазақты аңдысам екен” деген арамза ойдан аулақ болып, таза ниет, адамдық мақсатты ұстануын барынша қуаттайды.

Бұл төңірегіндегі кемшіліктер мен жөнсіздікті ол өзінің атакты өлеңінде де келтіреді:

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық, өзі ойлар
Орыста қалар жаласы
Бұл іске кім виноват
Я Семейдің қаласы?
Я Қазақтың аласы?
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы.

Қырық бесінші сөзін Абай “Құдай табарақа уатағаланың” дәлелін келтіруден бастайды да, оны танып білуді махаббат, ғылым, ғаделетке әкеп тірейді. “Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз... Адамшылықтың алды махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол - жаратқан тәңірінің ісі... Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп”.

Ғұлама Абайдың отыз сегізінші сөзінің бүкіл қыры мен сырын бір автордың бір мақаласы көлемінде түгелдей ашып беру мүмкін емес. Бұл ұлағатты үлкен еңбек асықпай, байыптап жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ МАҒЛҰМАТТАР

*Аплатон, Сократ ақылшы,
Каһарман Ғали білекті
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты*

Абай

Абай шығармаларын байыптап қарағанда, оларда көп болмаса да бағалы тарихи-танымдық мағлұматтар бар екендігі байқалады. Бұл тұрғыда бірінші болып айтылар еңбек - Абайдың қара сөздері қатарында жүрген, бірақ өз алдына дербес трактат деп атауға тұрарлық "Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны турады" атты бірегей туындысы. Еңбектің атынан көрініп тұрғандай, мұнда ол өз қолында бар тарихи мәліметтерге, халық санасында сақталып, ауызша тараған деректерге сүйене отырып, қазақ халқының шығу тегі, төркіні туралы сөз қозғалады. Мұнда Абайдың басы ашық санайтын бір шындығы - ол қазақтың арғы түбі моңғол-түркі тектес халық екендігі жөніндегі қорытындысы. Ол былай дейді: "Есте жоқ ескі мезгілде моңғолдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар. "татар" деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар".

Біздің топшылауымызша, Абай "моңғол" деп қазіргі алтай тілді аталатын моңғол-түркі тектес халықтар жиынтығын, ал "татар" деп ежелгі түркі жұртын түсінетін сияқты. Ескі жазба әдебиетте түркі, татар атаулары балама болып қатар жүргені белгілі.

Абайдың көрсетуі бойынша, қазақ және қырғыздардың түркі тектес туысқан ұлыстар екендігінде талас жоқ: "Тағы еш қазақ, қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды. Сол қырғызды қытайлар "брут" деп атайды. Өз тауарихтарында оның себебін, неліктен қытайлар "брут" дегенін еш білдім дегенін көрмедім".

Абай сол түркі /татар/ жұртының этнографиялық ерекшеліктері мен ежелгі қоныс мекені және оңтүстік батысқа

Орта Азияға қарай неге қоныс аудару себептерін көрсетуге тырысады. Бұл жөнінде ол былай жазады: "Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса соны киіп, не табылса, соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енисей. Анкара суының бас жағында болынты. Солардың аңшылап жыл жүріп, екі жыл жүріп қайтағұын әдеттері бар екен. Сол

аңшылардан естіген, көрген хабарымен бұрын көрмеген жерге, болмаған мақтау айтылатұғын әдетімен қысы аз, жазы көп дегенде әуелден өздері жер шаруасы қылмай, мал сақтаушы халық болған соң “мал сақтауға жақсы жерге барамыз” дей, бұл жаққа қарай неше мәртебе халқы шығыпты. Солардың бірі біздің қазақ екен. Қай-қай жерменен келгендігі, қанша жылда келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтапты”.

Абай ұйғыр елі, жері, мемлекеті туралы деректер келтіріп, олар да түп негізінде моңғол нәсілді халық екенін білдіреді: “Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты. Ол ұйғыр халқының ханы өзіне қараған халықты есептеп жүріпті. Бұлар қарадық десе де, ішінен дұшпан болып жүріпті. Әуелден өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біротала біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Түбінде олар да маңғұл нәсілді болса да, бұларға жат көрініпті.”

Одан ары Абай ежелгі қазақтарға /түркілерге/ мұсылман дінінің қалай келгені жөнінде мағлұмат береді және ол діннің бірден жайылып, орнығып кетпей, көп уақыт ескі шаман дінімен қатар жүргенін ескі діннің сарқыншақтарының әлі де сақталып отырғаны туралы құнды куәліктер келтіреді. “Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайса атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты жаңа дін исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы - балгерге иланып, отқа - шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез-түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса - оны “абыз” дейді екен. Ол “абыз” демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің себебіне көз жетпесе, сол нәрсені қудай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, “от ана, май ана, жарылқа!” дегізіп, бас ұрғызған секілді, “Өлген әруаққа арнадық” деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым, әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып,” “Сүт көп, көмір аз” деген секілді. Бұған ұқсаған көп еді, қудайға шүкір бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды”.

Абайдың бұл мағлұматтары ғылыми-тарихи деректерден пәлендей шет кетпейді, қайта толықтыра түседі. Тек көшірмешілер ағаттығынан мұсылман дінін таратуда өз орны бар тарихи адам - Құтайба - “Құтайса” болып кеткен /араб алфавитінде “б”

мен “с” әріптерінің жазылу кескіндері бірдей, айырмасы тек асты-үсті нүктелерінде ғана - А.К./ . Құтайба ибн Мүелім /VIII ғ./ - Орта Азияда мұсылмен дінін күшпен енгізуді жүзеге асырған араб қолбасшысы, өте қатал да қатыгез кісі болғаны белгілі. Ол туралы Орта Азиядан шыққан ұлы оқымысты Әбу Райхан әл-Бируни /973-1050/ өзінің “Өткен ұрпақтар ескерткіштері” атты еңбегінде былай дегені бар: “Құтайба Хорезм жазуын білетін, тарихын меңгерген және ғылымын үйрене алатын адамдарды құртып жіберді, ол тарихтың жасырын-жабық қалғандығы соншалық, хорезмдіктер туралы ешнәрсені дәлме-дәл білу мүмкін емес”.

Мұнан кейін Абай “қазақ”, “қырғыз”, “ұлыс” деген этникалық атаулардың қашан, қалай шыққандығы туралы өз ойларын ортаға салады. “Сол араптар көшпелі халықтарды “хибай” деп, “хұзағи” деп атапты. “Хибай” дегені киіз шатырмен жүруші дегені екен. “Хұзағи” деген өз жұртында және хұзағи деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен... Ол уақытта жаңа дінге кірген соң бір Бұқарадан басқа шаһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды, әйтеуір содан қазақ аталыпты”.

Наурыз мейрамы, қазақтардың отырықшылыққа көшіп, егін, сауда кәсіптерін игере бастауы жөнінде ол мына деректерді айтады: “Ол күнде Наурыз деген бір жазғытурым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күнін “ұлыстың ұлы күні” дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады... Бұл қазақ Алатау бөктерінде жүргенде егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналған екен. Өздерін өздері: “Қоңыр қазақ, қара қазақпыз” дейтуғыны, “Қазақ байдың баласымыз” дегені сол уақыттағы ғана біраз момындықпен тұрған кезі болса керек”.

Бұл сөзде қазақ тарихына тікелей қатысы бар Шыңғыс хан, оның басып алушылық жорықтары туралы бірсыпыра нақты деректер беріледі. Сол Шыңғысты хан көтеруге қатысқан он екі рудың он екі адамның ішінде қазақтың белгілі биі Майқы да болғандығы айтылады. “Сол он екі кісінің бірі қазақтың Майқы биі деген кісісі екен. “Түгел сөздің түбі бір, түп ағасы Майқы биі” - деген мақал болған. Майқы сол кісі екен,” - деп жазады. Майқы - ұлы жүздің арғы атасы - Ақарыстан тарайды, қазақтың ел болып қалыптасуы үшін үлкен еңбегі бар саяси қайраткер адам. Парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің “Жами-ағ-тауарих” атты шежірелік шығармасында Майқы би Шыңғысханның ел басқару ісіне көмектесіп, ақылшысы, жорықтарға шыққанда

орнына қалдыратын биі болғандығы айтылады. Оны қазіргі өзбек, татар, башқұрт халықтары да өз биі есептейді.

Осы тұста Абай Шыңғыс әскерлері “Көрханды өлтіріп, үйғын жұртын алыпты” деген дерек келтіреді. Бұл шындық, Көрхан XII-XIII ғ. Жетісу жерінде болған Қарақытай хандарының ақырғы өкілі, оны 1212 жылы соғыста өлтірген.

Абайдың айтуы бойынша, Шыңғыс хан әулеті жорықтарынан кейін қазақтардың көпшілігі бұрынғы Алатауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды /Қаратау болуы керек - А.К./, мекен қылса керек. Қайсысында қанша жүрген, қайсысында бұрын, қайсысында соң жүрген, анық мағұлым емес. Ол орынға келген соң, буларды Шыңғыстың Шағатай деген баласының нәсілі билеп тұрған.

Одан ары Шағатай тұқымы билеген заманда қазақтың көсегесі көгермегені, бірлігі болмағанын айта келіп ол былай дейді: “Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек. Одан бұрынғысы “Барып жаудан қыз өкеліп, қатын қыларсың, я ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсың” деген мақалына ұқсайды”.

Темір әулеті, оның ұрпағы Бабыр патша жөнінде де деректер келтіреді, үш жүздің баласы атанудың қалай шыққандығы туралы өз түйгендерін айтады. Атақты “Бабырнамаға” сүйеніп, алаш ұранды қазақ аталу себебіне тоқтайды. Бұл еңбек - XVI ғасырда Үндістанда ұлы моңғол империясын ұйымдастырған Бабыр сұлтанның сол замандағы болған оқиғаларды, өз өмірі туралы түркі тілінде жазған шығармасы.

Абай өзбек және қазақ халықтарының тарихи туыстығы туралы да ғылыми қисынды мәлімет береді. Өзбекті билеген Жошы тұқымы Шайбақ, Шағатай әулеті хандарын құлатып, бүкіл Орта Азияны сұрағанда “біздің қазақ біз әуелден өзбек жұртымен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, “сарт - садағам, өзбек - өз ағам” деп Шайбаққа қарай кетіпті.

Сол сөз осы күнге дейін мақал болып қалған. “Содан кейін бізді қайтып Шағатай тұқымы билеген емес. Онан соңғы ханымыз, төреміз - бәрі де Жошы нәсілінен болып келген,” - деп аяқтайды Абай бұл шығармасын. Бұл еңбек, біздің ойымызша, тарихи-этнографиялық жаңа мағлұматтарды ескере отырып, мамандық тарапынан жан-жақты, тереңдете арнайы зерттеуді қажет етеді.

Абай орта ғасырларда ерекше дамып, гүлденген Шығыс поэзиясын, оның тарихын жете білгендігі туралы оның шәкірт кезінде жазған әйгілі бір шумақ өлеңі дәлел болады:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси
Хожа Хафиз-бу хаммаси
Мәдәт бер я шағири фәрияд.

Мұндағы Физули /910-975/ - әзірбайжан ақыны, парсы, түркі тілдерінде жазған. Негізгі шығармалары - “Ләйлі-Мәжнүн”, “Кәузәте-Шаһида”, “Шәмси - атакты тәжік-парсы ақыны, 1247 ж. қайтыс болған, Сәйхали - XV ғасырда өмір сүрген парсы ақыны. Шағатайша /түркіше/ “Диуан Сәйхали дейтін тарихи дастан жазған: Навои - мир - Әлішер /1444-1486/ - өзбектің ұлы ақыны. Оның “Хамса” /бес қиса/ дейтін түркі тілінде жазған эпостық жырлары бар. Сағди /1184-1292/ - тәжік-парсының ұлы ақыны. “Гулстан”, “Бостан” деген дастандар жазған: Фирдоуси /934-1027/ - тәжік-парсының ұлы ақыны 60 мың жүй жолдан тұратын “Шаһ-нама” атты дастанның авторы. Хожа-Хафиз /1300-1390/ тәжік-парсы жұрттарының ұлы лирик ақыны. Үнемі ғазал /сыршылдық өлең/ жазған.

Абайдың көне грек тарихи және оның ғылым өнері туралы мол мағлұматы болғандығын көрсететін шығармалары да баршылық. Мәселен, ол жиырма жетінші сөзінде /Сократ хакімнің сөзі/ гректен шыққан бірсыпыра ұлы адамдардың, өнер қайраткерлерінің есімдерін атап, дара қасиеттерін еске салады: “Бір күні Сократ хакім бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне құдай табарак-уатағаллаға құлшылық қылмақ турасында айтқан сөзі”.

- Ай, Аристодим, ешбір адам бар ма сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайық? - деді.

Ол айтты: - Толып жатыр, қазірет.

- Бірінің атын аташы, - дейді.

- Гомерге бәйітшіліктігі себепті, Софоклге трагедиясы, яғни біреудің сипатын түспектік. Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын, - деп соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері өшкерге болған хандарды айтты”.

Бұл әңгімені айтып отырған Сократ /б.з.б. 469-390/ ежелгі гректің ұлы философы. Ол әңгімелесу, пікір алысу арқылы ақиқатқа жетудің жолын ашып, диалектиканың негізін салған. Әйгілі Платон хакімнің ұстазы; Гомер б.з.б. VIII-VII ғ. өмір

сүрген ескі юнан - грек жұртының кемеңгер де ұлы ақыны “Илиада”, “Одиссея” деген әлемдік даңқы бар дастан-жиссалар жазған. Софокл /б.з.б. 496-406 ж./ - ежелгі гректерден шыққан ұлы драматург, негізінен трагедиялар жазған. Басты шығармалары “Эдип патша”, “Аякса”, “Антогена”, “Электра” т.б. Зевксис /б.з.б. V э./ ежелгі дүниенің асқан суретшісі.

Отыз жетінші сөзінде Абай “Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?” деген қисынды сауал арқылы тарихи ірі тұлғаларды тағы бір атап өтеді. Шынында, Сократты заманындағы мемлекет билеушілері жастарды рухани аздырды деп айыптап у ішкізіп өлтірген. Иоанна Арк - Жанна д Арк /1412-1430/ - француз халқының батыр қызы, шіркеу соты құдайдан безген сиқыршы деп айыптап, отқа өртеп жіберген. Ғайса - христиан дінінің негізін салушы - Иса пайғамбар, оны да дін дұшпандары сот үкімі бойынша крест ағашқа керіп өлтірген.

Абайдың “Ескендір” дастаны Александр Македонский /Ескендір Зұлқарнайын/ және оның қанқұйлы шапқыншылық жорықтарына арналған мәлім. Ол мұнда Ескендір туралы тарихи деректерге сүйенгені байқалады.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шағары оған мекен,
Филипп патша баласы, ер көңілді
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филипп өлді. Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады онды-солды.

Бұл айтылғандар шындыққа сай келеді. Александр Македонский /б.з.б. 356-323 ж./ - ежелгі дүниенің аса ірі қолбасшысы, дүние жүзін жаулап алуға ұмтылған мемлекет басшысы. Македония патшасы Филипп екіншінің ұлы, 20-21 жасында патша болған. Дастанда Ескендір мен Аристотель хакім арасындағы дос-жарандық қатыс та көрініс тапқан.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,
Сол күнде Аристотель жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара;
Аристотель хакімге патша келді.

Аристотель /б.з.б. 384-322 ж./ - ежелгі гректің данышпан ғұламасы. Абайдың бұл дерегі де тарихи мағлұматтарға, фактілерге негізделген, Филипп патша Аристотельді өзінің 13 жасар баласы Ескендірге ұстаздыққа шақырады. Аристотель бірнеше жыл Ескендірді болашақ әміршіге қажетті ғылым мен өнердің барша салаларының озық үлгілерімен мұхият таныстырады, оның алғашқы жорықтарында бірге жүріп, ақылшылық етеді.

Абай шығармаларында мұсылман діні, ғылымы, тарихы туралы да деректер кездеседі. Отыз сегізінші сөзінде Мұхаммед пайғамбарымыздың серіктері мен сахабалары - әзірет Осман, Әбдрахман ибн Ғафур және Сағид ибн Әбдухастардың тәркі дүние емес, өте бай кісі болғандарын мысалға келтіреді. Осы сөзде оқымысты ақын Аллаяр Софының бір хикметін еске салады. Софы Аллаяр - XVIII ғасырдың орта тұсында өмір сүрген діндар /сопы/ ақын. Ол мұсылман дінін уағыздап, дәріптеуге арналған төрт кітап жазған. Революцияға дейін мектеп, медреселерде “Софыалдияр” деген атпен оқытатын кітап осы автордікі. Абай софының еңбектерімен Семей медресесінде оқыған кездерде танысқан болу керек.

Ақынның “Масғұт” дастаны Шығыс елдері тарихында есімі әйгілі Һарун Рашид патша заманындағы бір хикаяға арналған. Ол былай басталады:

Я, алла, құрметіне достың Махмұт,
Тілге яр бер, берілісін тұғры мақсұт,
Арун - Рашид Халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Һарун ар-Рашид /VIII ғ./ - Аббас әулетінен шыққан Халиф. Мемлекет астанасы - Бағдаттың ғылым-өнердің дүние жүзілік орталығына айналуына көп еңбек сіңірген патша, кәдімгі “Мың бір түннің” кейіпкерлерінің бірі.

Шығыс ғұламалары туралы маңызды бір тарихи деректі ақынның “Ғылым таппай мақтанба” деп аталатын белгілі өлеңінен ұшыратамын:

Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүшпұл
Мұны жазған білген күл
Ғұламаһи Дауани
Содай депті ол шыншыл.

Абай өзіне ұстаз санап, осынша құрмет еткен Дауани кім? Жалаледдин Дауани 1427 жылы туып, 1502 жылы қайтыс болған, Иран жұртынан шыққан, көрнекті философ-моралист және энциклопедист ғалым, атақты акындар Әлішер Навои мен Әбдрахман Жәмидің түстасы, әл-Фараби мен Әбу Әли Ибн Синаның жолын қуушы, ізбасары. Оның аса көрнекті еңбегі, “Ақлақ Жалали” /Жалал моралі/ парсы тілінде жазылып, кейін түркі тіліне аударылған. Абайдың бұл трактатпен жете таныс болғандығы байқалады.

Қорыта айтқанда, келтірілген деректер жарықтық Абай атамыз өз заманындағы жалпы тарих пен этнографияны, мәдениет пен өнер, білім тарихын көп оқып, көп тоқыған, асқан білімдар болғандығын көрсетеді.

АБАЙ - ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫН КЕМЕЛДЕНДІРУШІ

*Мен егер закон қуаты қолымда бар
кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды
деген кісінің тілін кесер едім.*

Абай

Абайдың ағартушылық, педагогикалық көзқарастар жүйесінің бастау-бұлақтарын жан-жақты зерттеп, саралай түскенде, оның ең әуелі, қазақтың халық рухани мәдениетінің, педагогикасының аса бай қазынасынан емін-еркін сусындай нәрленгенін айту ләзім. Халық педагогикасының көздері - тәлім-тәрбиелік мазмұнды ауыз әдебиеті /фольклор/, этнографиялық мағлұматтар, халықтық тәрбие дәстүрлері, от басы тәрбие тәжірибесі т.б. екендігі белгілі:

Абай еңбектерінде қазақтың байырғы салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық және басқа рухани байлықтарын, халық келешегіне, игілігіне жарату жолдары туралы меңзейтін мол пікір-пайымдар келтіріледі. Олардың оң-теріс, озық-тозық жақтарын сарапқа салып, күні өткен, кертартпа жақтарын сынға алып, жемісті тұстарын дамытып, толықтырып, ұқсатып жаңа деңгей-дәрежеге көтереді, бұларды өзінің ұстаздық ізденістеріне ірге тас етіп қалайды. Абай бүкіл халыққа, көсемдік, жолбасшылық жасаған сұңғыла шешен-би, ақын-жырау, өнерпаз, сал-серілерден қалған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, биліктер т.б. өнер үлгілерінен көп үйреніп, көп тоқыған. Оның:

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара

дегені осыны аңғартады. Алайда ол ескі, қағидалар мен жөн-жосықтардың заман зейініне лайық өзгеріп, жаңғырып отыратынын үнемі ескеріп отырады. Мысалы, үшінші сөзінде билік туралы айта келіп, “Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспеуігүгын болса, оның орнына татымды толық билік” шығару қажет, орынды деп санайды.

Абай, әсіресе, халық мақалдарына ерекше мән беріп, олардың үлгі-өнегелік қыр-сырын ашын беруге көп күш жұмсағаны байқалады. Бұл әрекет оның дербес кішігірім педагогикалық шығарма деп бағалауға тұрарлық қара сөздеріне арқау болған. Бұл - 5, 6, 29, 36, 39 - қара сөздер. Мәселен, ол жиырма тоғызын

шы сөзінде қазақ мақалдарын жарамды-жарамсыздығына қарай жіктеп, ажыратады. Мұндай сұрыптау - халық педагогикасын өркендету, кемелдендіру бағытында үлкен тәлімдік қызмет атқарып, оның ғылыми дәрежесін арттыруға игі әсер етті деп айтуға үлкен негіз бар. Абай ол сөзін “қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар”, - деп бастап, одан ары ескірген немесе білместіктен айтылған мақал сөздердің теріс мәнін әшкерелейді. Ондай ұнамсыз мақал-мәтелдер қатарына Абай “Жарлы болсаң, арлы болма” деген накыл тірі сөзді қосып, оған өз терелігін былай айтады: “Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпенен мал іздемек ол арлы адамның ісі.”

Осы тақілеттес “Қалауын тапса қар жанады, сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жок”, “Атың шықпаса, жер өрте”, “Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол”, “Алтын көрсе, періште жолдан шығады”, “Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті” деген мақалдардың теріс тағылымын әшкерелей келіп, ол “Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сәк болу керек”, - деп қатаң ескертеді.

Бесінші сөзінде Абай қазақтың “Өзінде жок болса, әкең де жат”, “Мал - адамның бауыр еті”, “Ер азығы мен бөрі азығы жолда”, “Қарның ашса, қаралы үйге шал”, “Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз” т.б. адамгершілікке қарсы келетін, теріс пиғылды мақалдар тобын келтіріп, оларға жалпы бағаны былай береді: “Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен, әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсас қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.”

Алтыншы сөзде ол қазақтың “Өнер алды - бірлік, ырыс алды тірлік” дейтін тәрбиелік мәні үлкен мақалын теріс түсінушілікті тілге тиек ете отырып, оның шынайы астарын ашып береді. “Бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес”. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады...” Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді. Әуелі біріне бір пәле іздейді”. Мақалдың екінші бөлігін талдай келіп, қорытындысын былай түйіндейді:

Кеселді жалқау, қылжақпас,
Әзір тамақ, әзір ас.
Сыртың пысық, ішің - нас
Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұирықты өлімнің өзі артық.

Абай кейбір оспадарсыз, анайы мақалшарды қазақ халқы басынан кешірген зұлмат - тауқыметтер тудырғанын айтады. Мұндай бір деректі оның “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” еңбегінен ұшыратамыз. Бір кездердегі қазақтарды “билеген хандары, билері”, - дейді Абай, бұларды ешбір дүзу характерке түсіндірмей, дәйім барымтамен мал кумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласқан, қырыспақпен күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған кәм өсіетен... Қазақтың бір қатты өсе бастағаны күба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек, одан бұрынғысы “Барып жаудан қыз әкеліп қатын қыларсын, я ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсын” деген мақалына ұқсайды.

Ұлы ұстаз қазақтың тәліми дұрыс мақалдарын да, реті келгенде талдап, қолдап өзінің діни-педагогикалық қағидаларына негіз етіп отырған. Мәселен, ол қазақтың ұят, ұяттылық жөніндегі киелі ойлы сөз тіркестерін пайғамбар өсиеттерімен қатар қойып, отыз алтыншы сөзінде былай деп жазады: “Пайғамбарымыз хадис шаритінде кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ” деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: “Ұят кімде болса, иман сонда” деген. Абай бұл сөзінде және басқа шығармаларында халық педагогикасы мен психологиясындағы осы ұят категориясын талдап, түсіндіріп ар-ұят туралы өзіншік білім жасаған деп айтсақ артық болмайтын сияқты.”

Абай халық тәлім-тәрбиелік үрдістеріндегі мінез-құлық туралы айтылған тоқтам байламдарға да назар аударып отырған. Ол отыз тоғызыншы сөзінде ата-бабадан келе жатқан ұлттық психологиядағы мінді істерді, келеңсіз әдет-ғұрыптарды “бір-бірлей тастап” келеміз деп шүкіршілік ете отырып, әсіресе, мінез-құлықтағы екі асыл қасиетті қастерлеп, “сол аталарымыздың осы екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына енер едік”, - деп армандайды. Бұл мінездерді сипаттау барысында ол қазақтың көптеген тәлім-тәрбиелік берері көп, берекелі мақалдар тізбегін келтіреді. Мұндағы ұлы ұстаз дәріптеген екі мінез басалқылық, бәтуашылық, бірауыздылық, ел басын силаушылық; екіншісі - намысшылдық. Бұл сөзін ол “Кәнікі, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық,

табандылықпен келеді. Бұлардан айрылды. Ендігілердің достығы - бейіл емес, алдау; дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық”, деп күйіне, ашына аяқтайды. Абай армандаған бұл қасиеттерге ие болу егеменді ел болып, етек-жеңін енді ғана жия бастаған қазіргі қазақ елі азаматтары үшін қасиетті парыз болу керек. Қазақ халық педагогикасындағы інжу-маржан ретінде ұстаз ардақтаған мұндай елдік, ұлтжандылық, патриоттық үлгі-өнегелер, ақлақтағы /моральдағы/ биік деңгей-дәрежелер қазіргі педагогика мүддесіне толық сай келеді, мәселе тек оларды ұқсатып, кәдесін тауып қолдана білуде жатыр.

Қыркыншы сөз қазақтың ұлттық мінез-кұлық, қарым-қатынас, психологиясындағы кереғарлықтар мен қайшылықтардың түп мәні туралы терең де салдарлы жиырма бір сурақ-сауал түрінде жазылған; оларға дұрыс жауап табу едәуір өмір тәжірибесін, үлкен білім, парасат талап етеді. Соның бірнешеуін келтірейік: “Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай? ...Жаттың бір тәуір кісісін көрсе “жарықтық” деп жалбырап қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай? ...Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?”

Абайды көп аландатқан, ойландырған бір күрделі мәселе - ол көшпелі қазақ қауымындағы өнімді, татымды еңбек ете білмеу жағдайы болды. Ойшыл, ұлтжанды ақын - сахарادا пәрменді, жемісті еңбекті кәсіп қылу, оны ұйымдастыру өте төмен, жабайылық дәрежеде екенін, сондықтан да кедейшілік, кембағалдық үстем болып тұрғанын күйіне жазады. Ата кәсіп саналатын мал бағудың өзін ұқсата алмай отырғандыққа қатты реніш, өкініш білдіреді:

Еңбек жоқ, харакет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып кайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

Абай көшпелі қазақ еңбек дәстүрінде сіңіскен мұндай келенсіздіктен, қырсықтан арылу жолдарын көрсетуге тырысады, ол үшін алдыңғы қатарлы /орыс, өзбек, татар/ елдердің еңбекшілдік, істің көзін табушылық тәріздес әрекеттерінен

үйрене отырып, белді бекем буып, өнер-білімге сүйенген өнімді еңбек /егін, сауда, қолөнер/ студі парыз санайды, жастарды осыған үндейді, қайрайды, баулиды. Бұл акынның мынадай өлең шумақтарынан анық байқалады:

Жалға жүр, жат жерге кет мал тауып кел.
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруынның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де - жел.
Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек көтін жусаң да мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп ойлай, мал ізде.
Адам бол - бай тап,
Адам бол - мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.

Осы тектес ақыл-кеңестерін ортаға салып келіп, ойларын ол былай тұжырымдайды:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

Ағартушы бабамыздың көзін тауып, ерінбей еңбек етуді үйрену жолындағы мұндай өсиет-нұсқаулары қазіргі уақыт талабы мен педагогика мақсатына да толық сай келеді

Абай өзінің отыз үшінші сөзінде қазақ балаларының қолөнер үйрену туралы талап-ниетін толық қолдай отырып, бірақ олардың көпшілігі бұл кәсіптің байыбына бармай, жүрдім-бардым игеріп, салдыр-салақтық, токмейілісуге, арзанқол мақтанға бой алдырып, қожырап кететінін қынжыла айтады. Ол былай деп жазады: “Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол. Бірақ қудай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтың кеселдері болады”, - дейді де ол осы кеселдердің төрт түрін талшап береді.

Еңбек, татымды еңбекке баулу туралы жиған-түйгендерін Абай қанатты сөздер, афоризмдер түрінде өрнектеді. Мысалы:

“Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей”, “Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң қара жер де береді, күр тастамайды.” Бұл нақыл қазақтың “Адам саума, еңбек сау” - деген мәтеліне де сай келеді.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде халықтың ұстанған діні, діни тәрбиесі туралы әр түрлі ой-пікірлер көрініс табады. Ол қазақтың мұсылман дінін қабылдап алғанын құптап-қуаттайды, бірақ оны бірден игеріп, түсініп кете алмай ескі діннен қалған “бақсы-салгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерін” біраз уақыт қатар алып жүргенін айта келіп “бұған ұқсаған көп еді, құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды”, - деп ризалық білдіреді. Қазақ қауымында діни адамгершілік тәрбие - тәрбиенің бөлінбей тұтас, өзара тығыз байланыста болуын жақтап, ол имандылық жөнінде өзіндік ілім өрбітеді. Бұл туралы кітаптың келесі тарауында арнайы әңгіме болады.

Абай қазақ мұсылманшылығындағы орын алып отырған екіжүзділікті, боямалықты, шалалықты дәп басып байқап, шын имандылықты, бұл дүниелікке де, ақиретке де адал болуды асыл мұрат, парыз етіп ұсынады. Күнделікті күнкөріс, байлық-мансапты қуып, күйттеп, дін исламға, құдай жолына адал болуға немқұрайлылыққа үзді-кесілді қарсы шығады. Мұндай арамзалықты, опасыздықты халық рухани өміріндегі, тәлім-тәрбиесіндегі кешірімсіз кемшілік санайды. Ол, мәселен, отыз төртінші сөзінде бұл туралы былай дейді: “Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айту мүмкін емес. Олай болғанда қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса - мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен. Егер де екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп нануға бола ма?!”

Абай басқа да бірсыпыра қара сөздері мен өлеңдерінде халық сай-санасындағы, тәлім-тәрбиесіндегі дүмше молдалық, шала мұсылманшылық, діни көзбояушылық тәріздес кінәраттарды сынап-мінеп отырады. Мысалы он алтыншы сөзінде: “Қазақ

күлшылығын кудайға лайық болсын деп кам жемейді. Тек жүрі қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде “Тапқаным осы, бітті, деп, алсаң-ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?” дей тұғыны болушы еді ғой. Дәл кудай тағаланы сол саудагердей қыламын дейді”, - деп ажуа етсе, “Абралыға” деген өлеңінде:

Мен жасымнан көп көрдім
Мұсылманды, кәпірді.
Абралыдай көрмедім,
Намаз білмес пақырды.
Қирағатын оқытып
Көріп едім шатылды.
Ниет қыла білмейді
Не қылады нәпілді, -

деп кекетеді, енді бір өлеңінде діни әбиаздық пен арамзалықты аяусыз өшкерелейді:

Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз.
Кейбірі қажыға барып жүр,
Болмаса да қаж парыз.
Мұсылмандық ол ойлап,
Өтеген қашан ол қарыз?

Бұл жерде бір назар аударарлық жәйт - Абай қазақ ұстанған мұсылманның суниттік сара жолында пірге қол беру жоқ екенін, ол рәсім суфизм /сопылық/ бағыттағылардан ауысқанын білгені және қажылықтың баршаға парыз еместігі туралы дін исламдағы жаңа көзқарасты қуаттағаны байқалады.

Абай қазақ ескі салт-дәстүрлері мен шарифаттың көнерген қағидаларын сылтауратып хан-сұлғандардың, дүние-малына мас болған сасық байлардың қаусап, қартайып отырып, малға сағып бүлдіршіндей қыздарды еріксіз алуын аюандық санайды. Бұл тұрғыда гуманист ұстаз қуаттаған ақлақ /мораль/ ол ер мен әйелді қосатын, жұптастыратын күш мал мен бақ емес, махаббат сезімі, табиғи және рухани үйлесімділік, сәйкестік. Бұл төңіректегі ойларын ол өзінің “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында”, - деп басталатын өлеңінде келісті кестелеген.

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімді-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен, қатын емес,
Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырап бұқа ма екен?
Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, күдай үрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай күрғыр?

Ұстаз ақын қазақ халқының рухани, мәдени өмірінде үлкен орны бар салттық кәделі өлең-сауық, ырым-жоралғыларға да тоқталып, олардың этикалық-эстетикалық мәндерін ашып, еске салып отырады.

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр - қызыққа жұрт ыржаншыл.
Қынаменде, жар-жар мен бет-ашар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?
Бала туса, күзетер шілдекана,
Олар да өлең айтар шулап жаңа.
Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы босқа қақпай елең-селең.

Абай халық ақын-жыраулары, басқа өнерпаздары шығармашылығындағы үлгі-өнегедік, тәлім-тәрбиелік дүниелерді жоғары бағалай отырып, алайда оларда кездесетін боссөзділікті, қошаметшілікті, дүниеқоныздық пен күр мақтанды реті келгенде аяусыз әшкерелеп отырған. Мәселен:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен дөмбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,

Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап,
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сурап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мактап құдай қарғап, -

деп келіп, жастарға мынадай өсиет қалдырады:

Сый дәметпе, берсе алма, еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.
Сүйенерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол, сатып нәрсе алғаннан.

Ұлы ұстаз қазақтың ұлттық мінез-құлқындағы, әдет-ғұрпындағы орын алып отырған көптеген кесепатты кемшіліктерді өзінің әйгілі “Қалың елім қазағым, қайран жұртым” атты өлеңінде талдап, ашып көрсетеді және астарлай, түспалдай отырып, осы дерттерден айығу жолдарын көп болып іздестіруге үндейді.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузына түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы.
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Үкпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді.
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Бас-басына би болған өңкей кикым.
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздерінді түзелер деп алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Абай өз шығармаларында қазақ халық педагогикасында бұрыннан бар адамның өз мінез-құлқын өзі тексеріп, жөндеп отыруға ұмтылу қажеттілігі туралы қағидаларды қолдап, толықтырып отырады. Мысалы, он бесінші сөзінде “Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есең ал,” деп кеңес айтады. Абай осы қағидасын педагогикалық мазмұнды өлеңдерінде де әр түрлі ренішті қозғайды. Мәселен, өз мінін сынауды, өшкерелеуді, өзгертуді қозғаған бір өлеңінде:

Ойға түстім, толғандым
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым
Енді қайда сия алдым?
Қалай алған көп мінез,
Қалайша қалай тыя алдым,

деп әжуалап отыра, өзгеге үлгі-өнеге көрсеткендей болады.

Абайдың қыз сыны, ат сыны, күсбегілік, ескілік киімдері т.б. этнографиялық өлендерінде халық тәжірибесінде бұл тұрғыдағы жинақталған қазына байлықтарды жарқырата паш етеді. Бұл тақырып өз алдына дербес әңгімелеуді қажет етеді.

Ұлы ағартушы ақынның қазақтың халық педагогикасы және оны өңдеу, ұқсата кемелдендіру жөніндегі тындырған қыруар қызметін бір мақала көлемінде толық айтып шығуы мүмкін емес. Бұл проблеманы терең, жан-жақты зерттей түсу тарихи-педагогикалық жағынан болсын, қазіргі тәлім-тәрбие мұқтаждағы жағынан болсын, берері мол, жемісті жұмыс деп білеміз.

АБАЙДЫҢ ИМАНДЫЛЫҚ ІЛІМІ

*Мумин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол.*

Абай

Данышпан Абай атамыздың шығармаларын қайта қарастырып, пайымдап оқыған кісі - ол қалдырған ұлы мирастардың телегей теңіздей аумақты да терең екенін байқамай қалмайды. Бұл тұрғыда көп жылдар бойы тыйым салынып, зерттеу нысанасына ілінбей, айтыла қалғанның өзінде құбыжық саналып келген оның дін туралы талдаулары мен түйгендері бірінші айтылуы қажет.

Кейінгі кездегі бұл бағыттағы тындырыла бастаған жұмыстар кеменгер акынның мұсылман дін ғылымының да көрнекті білгірі дамытушысы және уағыздаушысы болғандығын көрсетіп отыр. Абайдың дін-ислам жолын жете меңгеріп, оны аса зор сүйіспеншілікпен, шыншылдықпен таза ұстағаны туралы оның отандас ұрпағы - біз ғана емес, тіпті жақын, алыс шетелдік дін сардарлары да жаза бастады. Бұған Лондондағы дүниежүзілік Ахмедия мұсылмандық қауымының имам Мирза Тахир Ахмад Қазреттің сөздері дәлел болады. "Абайдың аудармаларын оқығанда", - дейді ол - мені қатты таң қалдырған жәйт оның акындық ауқымының, құлашының өте кеңдігі болды. Ол исламды ғажайп терең түсінген кісі. Мұның себебі, сірә, ол Құранды үлкен махаббатпен оқып үйренген болу керек, әйтпесе, егер оны берілмей үстірт, тайыз оқыған болса, онда Құран ілімі оның еңбектерінде дәл осылай қасиетті түрде көрініс таппас еді. Абайға тағы бір таң қалғаным - ол дін туралы сөз қозғағанда жай бір молла сияқты емес, діннің қажеттілігін білетін, түсінетін; оны үлкен адамгершілік мінез-құлықпен ұштастыратын және ол сезімдерін жоғары поэзиялық жолдар, ұйқастар арқылы өрнектей білетін кісі ретінде көрінді. Ол қандай дәрежеде ұлы саяси қайраткер болса, сондай дәрежеде ұлы акын, философ және дәл сондайлық дәрежеде діндар адам."

Шынында, Абайдың дін мәселелеріне қатысты шығармаларын мұсылман дін ғылымының негізгі принциптері мен қағидалары тиянақталған, жина талған Қалам Шариф - Құранмен, Мұхамед, пайғамбары хадистерімен және басқа да дін ислам білімпаздары еңбектерімен салыстырып байқасақ, оның бұл тарапта да салауатты да салдарлы ой толғап, ұстаздық үрдістер жасағанының куәсі боламыз. Абайдың көп шығармасын мұсылман дінінің көкейкесті, зәру мәселелеріне арналған туындылар

деп айтуға болады Абайдың ислам дінінің негіздері, оларды түсіндіру, насихаттау жөніндегі жиған-тергендері өзара тығыз байланысқан сан-салалы тақырыптарды қамтиды. Біз бұл мақалада оның иман, имандылық төңірегінде келтірген, дәйектеген көзқарастары мен идеяларына тоқталуды мақсат тұттық.

Абайдың пікірінше, сенімінше, адамда толық, кәміл имандылық арқылы келеді, орнығады, сіңіседі. Ол өзінің әйгілі отыз сегізінші сөзінде ең әуелі имандылықтың мәнісін ашып, шын ниеттен туындайтын имандылық пен жалаң да жайдақ сөз жүзіндегі имандылық парқын ажыратып беруді, шын иманға бастайтын жолды көрсетуді көздейді.

Абайдың ілімі бойынша иман дегеніміз жаратқан бір Алланың барлығына, даралығына, ерекшелігіне, оның адамдар арасындағы елшісі /Расулы/, пайғамбары-Мұхаммедке сөз жүзінде илану, инану ғана емес, негізгісі бұл сенім-білімдерді күнделікті тұрмыста адамгершілік қарым-қатынас, мінез-құлықта көрсету, діліне, дініне, қалыптасқан игі әдет-дағдыға айналдыру болып табылады. Ол былай дейді: “Әуелі дін исламның жолындағы пенделер, иманның хақиқатын білсін. Иман дегеніміз бір ғана инабаттық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, Құранның оның сөзі екендігіне, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллалау ғалайһи уәссәләм оның тарапынан елші екендігіне инандық. Жә, не бітті? Сен алла тағала үшін имам келтіремісің, я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Я өзің үшін келтірсе, жә инандын. Ол инанмақтығың күр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайдаланамын десең, пайда береді кәміл иман болады.”

Сонан кейін Абай шынайы имандылыққа жетудің басты алғы шарты ретінде Алланы тану, оның кітаптарда келтірілген “Сегіз субутия /орнықты, тұрақты/ сипаттары бірлән, тоқсан тоғыз әсмай хүсналар /көркем, жақсы есімдер/ бірлән білдірген” қасиеттерін жақсы білу, оларға еліктеу, олардан беріле үлгі-өнеге алып, пиғыл түзету жолындағы характертерді ұсынады, бұл ойларын Алла тағаланың есімдері мен өзіне лайық /затият/ сегіз сипаты арқылы былай дәйектейді: “Ол есім алла тағаланың фиғыл ғазимларының /ұлы өзім істерінің/ аттары, олардың мағынасын біл, һәм сегіз сипат затиялары ше деген сөз, кәміл үйрен. Өзінді оның құлы болып, өзіңе мүсәлім /мүсәліман/ ат қойып, тәслім болғаның рас болсын да. Өз пиғылдарыңды соған өз халінше үқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға үқсай алам ба деп

надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ - дәл бірдейлік дағуасымен емес, соның соңында болмақ”.

Абай Алланың осы сипаттарын келтіріп, бұлар зәредей аз болса да адамзатқа да тән, бойдағы, ойдағы сол қасиеттерді дамытып, үнемі кемелдендіре беру шын имандылыққа бастар, жеткізер жол екенін қатаң ескертеді. “Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят /тіршілік, тірі болу/, Ғылым, күдірет, Басар /көру, көруші/, Самир /есту, естуші/, Ирада /тілеу, қалау/, Кәләм /сөйлеу, сөйлеуші/, Тәжин /бар қылу, болдыру/, бұл сегізінен алла тағаладай кәмәләт ғазамат /үлкен кәмәлеттік/ бірлән болмаса да, пендесінде әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәрра /кішкентай/ аттас сипатымызды ол алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан бас бұрғызбай, өзге жолға салмақ бірлән атымыз мүслім бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды хәм ол аттары бірлән ағламанған /белгіленген/ лиғыл құдаға /құдайдың іс, әміріне/ фиғылымызды ертпек не бірлән табылады, қалайша табылады, оны білмек керек.”

Абайдың үйретуі бойынша бұл аталмыш сипаттар құдай тағаланың бүкіл болмыс-бітімін дәл бере де, білдіре де алмайды, ол мүмкін де емес, бірақ олар адамға ізгі мұрат, игілікті ізденіс нысанасы, бағыт-бағдары бола алады, хас иман жақсы тілек, ниетпен келеді. Ол былай дейді: “Ол - Алла тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж. Жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап /ашықтан/ танымалға керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ бізге марифат ұлла /алланы тану/ қиын болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадыр ғана білеміз. Зат түгіл хикметіне ешбір хакім ақыл еріттіре алмады. Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз-өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.”

Бір құдайды танып білуге етуші бұл сегіз тұрақты сипатты парықтай келіп Абай бұлардың ішінен екеуін, яғни ғылым мен күдіретті бөліп алады да, қалғандарын осы екеуіне шарх /түсініктеме/ екенін дәйектейді. Бұл тұстағы ғұламаның дамытқан, әрбіткен бір маңызды қағидасы - сонау әл-Фараби, Ибн-Синадан бастау алатын шынайы ғылым мен таза діннің бірлігін, байланысын пәш етуі деп санауға болады. Абайдың көзқарасы бойынша ғакли ғы ым Алланы тануға, білуге сол арқылы имандылықтың, мұсылмандықтың көсегесін көгертіп, болсағасын бекітуге қызмет етеді. Өйткені ол бүкіл әлемнің, табиғаттың, адамның сыр-сипатын, болмыс-бітімін білу - оны жасаушы иесінің қадір-қасиетін, күдіретін, кереметін сезуге,

біліп-тануға сенімді құрал-тәсіл болады. Осы төңіректегі топшылауларын ол былай тұжырымдайды: “Бұл ғылым, күдірет екі сипат бірлән сегіз сипат бұзылмастан түгел болады. Ол ғылым күдіретте ешбір ниятсыз /шексіз/ ғылымында ғафлетлік /қапы кетушілік/, күдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Саниғың сұнғатына /жасаушыны жасағанына/ қарай білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай күдіретпенен орналастырғанын, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл-хүкімші, қайрат, қуат қызмет қылушы еді. Соған қарай ойлайсың: алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, күдірет - біздің ұғуымызға ғана екі хисап, болмаса бірақ ғылымда күдірет болуға тиіс”.

Мұнан кейін Абай өзінің имандылық ілімінің ең басты іргетасының бірі Алланың рахметін сезу, оған шексіз шүкірлік /шәкірлік/ туралы ой өрбітіп, бұларды ең әуелі құдай тағаланың әсмай хусналарымен, яки жақсы, ізгі есімдерімен байланыстырады. Күдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, алла тағалада болған күдірет-ғылым нәм рахмет. Ол рахмет-сипаты, сегіз сипаты ішінде жазылмаса да, алла тағаланың Рахман /жарылқаушы/, Разак /риздик беруші/, Нафиг /пайда беруші/, Уақил /басқарушы/, Латиф /таза, кіршіксіз/ деген есімдеріне биналән /негізделген/ бір ұлығы сипатынан есептеуге жарайды.”

Алланың адамға рахметінің, қамқор-қайырының аса үлкен екеніне Абай осы қасиетті есімдер мен адамдағы білу, сезу арқылы танылатын нысандар арқылы екі түрлі дәлел келтіреді. Олар нақлия, яғни бұрыннан айтылып, мәшһүр болып, қалыптасқан қағида сөздер /мысалы, Құран сөзі/, ғақлия-ақылмен, ойлаумен табылған қисынды қиястар /логика/ арқылы сипатталатын қағидалар. Ол былай дейді: “Бұл сөзіме нақлия дәлелім - жоғарыдағы жазылмыш алла тағаланың есімдері. Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірнен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хаюандарды жаратып, жанды хаюандардан ақылды инсанды /адамды/ ...бұлардың һаммасынан пайда аларлық ақыл нес қылып жаратыпты.”

Осылай Алла адамзатты барша өлі, тірі табиғатқа қожа дене бітімі кемел ақыл, парасат иесі етті асқан мейірім-шапағатпен, мархамат-махаббатпен жаратқанын тізіп айта келіп, Абай: “Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?” - де салмақты сауал тастайды да, “бұл хикметтерінен

һаммасына мархамат һәм ғад әләт заһир түр екен. Біз өз ортамызда бұл мархамат ғадәләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, ал оның үшін мүсілім болғанда, алла тағалата төслим болып оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы?" - деген өкпе-реніш білдіреді.

Алланың адамға рахметінің, нұсқаған ізгі жолынан нақлия дәлелдері ретінде Абай Құран аттары мен пайғамбар хадистерінен арабша қағидалар келтіреді. Мәселен, "Шынында құдай әділ адамдарды сүйеді", "Адамдарға жақсы іс істе деп бұйырыңыз және жақсылық етіңіз, өйткені құдай жақсылық тартушыларды сүйеді", "Сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі ұжмақта", "Құдай залымдарды сүймейді" тектес аяттар мен кімнің әділет, ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ" сияқты хадистер осының айғағы.

Осылардан кейін барып өзінің хас имандылық туралы өрбіткен ойларын ол былай қорытады: "Енді белгілі, иман құры инанашпен болмайды, ғадәләт уа рағфатпен бірлән болады. Бәлкі ғадәләт барша өзгүліктің анасы дүр. Нысап, ұят бұл ғадәмәттен шығады; /бұлар/ һәмма жақсылықтың басы емес пе? Жә, олай хулық пенен сол ойды ойлаған кісі халлақына /жаратушысына/ шүкірді неге ойла.масын? Шәкірліктен /шүкіршіліктен/ ғибаттың бәрі туады: Енді зинхар ғадәләт шапағаттан босандындар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады".

Абай имандылықтан адамға адам дос болу қажеттілігін, міндеттілігін шығарады, өйткені құдай сүйген үлкен құрмет, хикметпен жаратқан адамды пендесінің сүймеуі таза имандылыққа қайшы келеді. Ол былай дейді: "Құдай тағала дүниені кәмәләтты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өсіп-өңсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолында адамның қылып іденер қарызды ісінің алшы - әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектіктің табылмағы, өзінің өзгелерге қолынан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады."

Абайдың имандылық туралы көзқарастарында құдайға ғибадат /күлшылық/ рәсіміне үлкен мән беріледі. Әсіресе, ол бес уақыт намаз және оған дайындық /дәрет алу, шуруға кылу, истиһжа т.б./ тағы басқа иманды бекіту жөніндегі ишарат, нұсқаулардың дұрыс атқару мұсылмандықтың кәміл болмағынын қосымша шарттары екенін ескертеді.

Абай өзінің он екінші кара сөзінде иман мен саналы ғибадат арақатысын сөзге тиек етіп, олардың бір-бірін толықтырып, нығайтып отыратынын дәйектейді. Ол ғибадат қылудың екі

шартын көрсетеді. “Әуелі иманның иғтикатын /сенімін/ мақкемлемек /бекемдемек/ керек, екінші үйреніп жеткенше осы болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды”. Ғибадат иманның қорғанышы, қарауылы іспетті, сондықтан оны орнымен, адалшықпен беріле орындау нарыз екенін ескертіп, Абай былай дейді: “Уалакин кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатуғынын білмей, қанша жерден бұзылатуғынын білмей, асына шалма орап, бірәдар атын көтеріп оразашыл, намазшыл болып жүргені кәуәтше қалың ермей тұрып, жартысын салғанға ұқсайды. Күәтшесіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды”.

Абай нақлия және ғақлия білімдерге сүйене отырып, отыз сегізінші сөзінде иманның екі түрін, деңгейін былай ажыратады: “Әрбір ғалым - хақим емес, әрбір хақим - ғалым. Ғалымдардың нақлиясы бірлән мүсылман иман тақлиды /біреуге еріп иман келтіру/ кәсіп қылады. Хақимдердің ғақлияны бірлән жетсе иман яқини /шын иман/ болады”.

Он үшінші сөзінде иман анықтамасына және оның екі түріне қайта оралып Абай бұл туралы, жоғарыда келтірілгендерге толықтырулар мен түсініктеме келтіреді. “Иман деген, - деп жазады ол, - алла табарана уатағаланың шәриқсіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалау ғалайһи уасаллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып инанмақ. Енді бұл иман дерлік имануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі - не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел - испат қыларға жараса, мұны яқини иман десек керек. Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яқи молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалықты беріктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмаста берік болу керек. Бұл иманды иман тақлиди дейміз”.

Абайдың иман туралы іліміндігі негізгі желі - имандылықтың барынша адал пәк, берік болуы. Ол өзінің осы он үшінші сөзінде бұл талапты қатаң сақтау туралы ойын былай қорытады: “Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Яқина иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиды иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны

ак деп, өткірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Әрнәшік білмек керек, жоғары екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен көшеді-дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың шағағатына да сыймауы мүмкін де емес. “Қылыш, үстінде серт жоқ” деген, “Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ” деген алған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі күрсын”. Ұлы діндар акын өзінің қара сөздерінде негізделген имандылық жөніндегі ілімін бірсыпыра діни-философиялық, педагогикалық мазмұнды өлендеріне арқау етіп, оны нақтылап, ұстартып, ағартушылық, мұсылманшылдық тәрбие кәдесіне қолданып отырады. Мәселен:

Дүниеге дос акиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей орныға алмас.
Дүниеге ынтық махшарға амалсыздық
Иманын түтел деуге аузым бармас

немесе:

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз
Пайда, мақтан әуесқой шайтан ісі.
Қані біздің нәпсіні тыйғанымыз.
Мумин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол,
Шыр айлан да таза ойла бір иманды,
Мұнафик намаз қылмап па, мағлум ғой ол.

немесе:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті, -

шумақтар осы айтқанымызды растайды. Ұлы Абайдың иман, имандылық туралы, негізделген, уағыздаған қағидалары мен тұжырымдарының біз пайымдаған жөн жобасы осындай. Мұны жан-жақты терендеге талдай түсу - болашақ зерттеушілер ісі деп білеміз.

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАЗМҮНДЫ ӨЛЕҢДЕРІ ХАҚЫНДА

*Баламды медіресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.*

Абай

Абай - ұлы ағартушы, ұстаз ақын. Оның қай өлеңін, қай сөзін алсақ та, үлкен-кіші, кәрі-жас, “қалың елі қазағын” - барша қауымды, әсіресе жас буынды ақыл-парасатты болуға өнер-білімге, ізгілікке баулуды уағыздайды. Бұл жағдайды өзі де айтып кеткен:

Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

немесе:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Абай қалдырған халық көзін ашып оң жолға бастауды мақсат тұтқан орасан мол мұрасы ішінде таза оқу-тәрбие, ғылым-білім игеру мәселелеріне арналған педагогикалық бағытта, мазмұнда жазылған бірнеше өлеңі бар. Оларды шартты түрде болса да, бөліп талдау ақынның ойшылдық, педагогикалық қыр-сырына, характертеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Бұл орайда көзге түсетін ғұлама ақынның өз алдына дербес трактат деңгейінде жазылған дүниесі кейде бірігіп, кейде екі бөлек өлеңдер санатына қосылып жүрген әйгілі “Ғылым таппай мақтанба” және “Интернатта оқып жүр” атты өлеңдері. Академик З.Ахметовтың “Абай сөзіне үңілсек” атты мақаласында біріншісі екіншісінің қай жағынан алғанда да жалғасы екендігі туралы пікірдің қисынды болатынын көрсетеді /“Қазақ әдебиеті”, 1993 ж. 6 тамыз/.

Бұл тұтас бір шығарманың “Интернатта оқып жүр” деп басталатын бірінші бөлігі сол кездегі қазақ жастарының орысша-қазақша интернат-мектептерде оқуы жай-жапсарына арналады. Мұндағы пайдалы, дұрыс жақтар, мүмкіндіктер мен қатар кемшіліктер, келеңсіздіктер көрсетіледі.

Абайдың ойынша бұл мектептерге қазақтар балаларын бергенде олардың алдына берекелі, қайырлы мақсат қоймайды, тек орысша закон біліп арыз жазу, осы арқылы мал тауып баю, осылай мардымсыз күнкөріс қамын күйттеуді бірінші кезекке қояды, білім, адамгершілік, дін жайына қалады.

Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі жазуы
Білім деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар келсе шамасы,
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы
Нан таппаймыз демейді
Бүлінсе елің арасы.

Абай орысша оқудың, тәлімді болудың игілігін, берерін, келешегін жоғары бағалайды, алайда мұндай оқу үлкен ықпал, мекхнатпен меңгерілетінін, Толстой, Салтыков-Щедрин сияқты дүниежүзілік ойшылдар идеяларын игеру дәрежесіне көтерілу қажеттілігін алғы шарт - педагогикалық принцип етіп қояды:

Орыс теріс айтпайды
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды,
Орыста қалар жаласы
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой
Көңілінде жоқ санасы.

Бұл тараудың екінші бөлігінде Абай шын оқу білім игеру қалай жүруі қажеттігі, алған өнер-білімді өнбес, пайдасыз мақсатқа, босқа рәсуа етуге болмайтыны туралы дидактикалық әдебиет жанры стилінде тәлім-тәрбиелік қағидаларды тұжырымдайды:

Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге
Военный қызмет іздеме
Окалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың
Жазықсыз күнде сөнуге?
Өнерсіздің қылығы -
Тура сөзін айта алмай,
Қорлықпенен шіруге,
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүруге.

Абай игерілген білім-мамандықты практикада, күнделікті тұрмыста пайдалануға қарсы емес, бірақ ар сатпай, адам сатпай лайықты жерге, орынды, орнықты максатқа жарата білу қажет деп санайды.

Алыс та болса, іздеп тап
Кореннойға кіруге
“Талапты ерге нұр жауар”
Жүріп өмір сүруге.
Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып желуге
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге.
Жаныңа жақсы, соңынан
Жалқауланба еруге
Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямой
Жеңіл көрме, бек керек
Оған да ғылым, оған да ой,
Қалайша, қайда енуге?

Осы қос өлеңнің “Ғылым таппай мақтанба” аталатын екіншісінде Абай сонау әл-Фарабиден ғұламами Дауаниге дейінгі

Шығыс білімпаздарының ғылым игеру жөніндегі педагогика-психологиялық, этикалық қағидаларын дамытып, жандандырып, заманға сай түрленіріп, ғылым табудың алғы шарттары туралы өзіндік ілім өрбітеді. Бұл тұста да ол сөз саптауып өзгертіп, ежелгі ақылгөйлік-адамдық мақамға, дидактикалық сарынға салып тақпақтап айтады. Жақсы азамат болып, бұған қоса ғылымның жолын жемісті түрде қуу үшін қашық болатын бес нәрсе мен асық болатын бес нәрсені саралай келіп, Абай бұл жолдың бейнеті мен азабы мол болатынын ескертіп, балалықты, жеңілтек-үстірттікті тастап, байыпты да жүйелі еңбек ету принципін парыз етіп белгілейді.

Жамандық көрсең нәфритлі,
Суытып көңіл тғысаныз.
Жақсылық көрсең ғибратлі
Оны ойға жисаңыз
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз
Ондай болмақ қайда деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз
Сізге ғылым кім берер
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүниеде өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз.

Бұл жерде Абай ғылыми тәрбие құралдары ішінде еліктеу, өнеге алу, ғибратлануға жоғары баға бергенін байқауға болады. Алайда, еліктеудің, үлгілеудің де ақылға сүйенетін өз өлшемдері /критерийлері/ болады, соны біліп алу, ескерту, парықтау да шәкірттік міндет-парыздар санатына қосылады.

Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты
Кім болса мейлі, сол айтты,
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой бермей,
Шын сөзбенен өлсеңіз.

Абай бұл сияқты ақылды қағида-ережелердің өткеннен келе жатқан көп ұрпақтың сандаған дүлдүл білімпаздар жинақтаған қазына екендігін ескертіп, бірақ оларға да жөнді-жөнсіз бас ие бермей, ақыл таразысына жүтінуді өсиет етеді, яғни педагогикадағы оқып, үйретудің ғылымилық принципін қуаттайды,

Мұны жазған кісінің,
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл-мизан, өлшеу қыл.
Егер-кисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлай, құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл,
Өзің үшін үйренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі - тұл.

Ұлы ақынның жалпы ұстаздар қауымы арасында кеңінен танымал бір өлеңі - оның әйгілі “Әсемпаз болма әрнеге” - өлеңі. Ондағы:

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан! -

деген бастапқы шумақтың өзінде үлкен тәлім-тәрбиелік салмақ жатыр. Мұның мәнісі қабілет-мүмкіндігіңді шашыратпай, жүйелі, салиқалы өнер-білім жолына түсіп, ерінбей-талмай еңбектеніп дүниедегі өз орныңды табу қажеттігіне саяды. Ақыл, қайрат, әділет, шапқатты тар ұстап, пайдакүнемдік пен бос мақтаншақтықтан ада болу туралы талапкерге кеңес айта келіп, Абай ұстаздық міндетті ауыр да ардақты жұмыс екенін ерекше ескертеді:

Ақырын жүріп, анык бас
Енбегің кетпес далаға.
Үстаздық қылған жалықпас
Үйреуден балаға.

Абайдың әлі де болса бір жақты, үстірт қарастырылып, терен талданбай жүрген бір тәлімдік мәні зор өлені ол оның аса парасатты да тәрбиелі сүйікті ұлы Абдрахман қазасына байланысты туған өлендері болып табылады. Бұлар негізінен жоқтау, жұбату, мақсатында шығарылғанмен, кеменгер ақын біртума, аяулы перзентінің бейнесін сомдау үстінде оның мінез-құлық, білім-тәрбие ерекшеліктерін, қасиеттерін басқа жастар үшін үлгі, шынайы зиялылықтың эталоны, мұраты ретінде ұсынады:

Жиырма жеті жасында
Абдрахман көз жұмды,
Сөулең болса басында
Кімді көрдің бұл сынды?
Дүниелікке көңілі тоқ,
Ағайынға бауырмал.
Тәкаппар, жалған онда жоқ,
Айнымас жүрек, күлкің-бал.
Ғылым оқып білгенше,
Тыным, тыныштық таппаған,
Дүниені кезіп көргенше,
Рахат іздеп жатпаған.

“Адам баласы - бауырың”, - деп өзі айтқандай, Абай Абдрахманның халық азаматы, ізгілік сыр-сипаттарын тізіп, теріп келтіріп, оларды шәкірттерге де, тәлімгер-ұстаздарға да өнеге, бағыт-бағдарлама ретінде ұсынған сияқты.

Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдан қайтпаған,
Жақсылық қылар орында,
Аянып бойын тартпаған.
Ортасында көпірдің
Арамынан татпаған
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп жатпаған.
Түрленіп төре болдым деп

Есерленіп шатпаған.
Жүз мың теңге келсе де
Махаббатын сатпаған
Жүйріктікпен шалқымай
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді
Бұрылмастан тоқтаған.

Абайдың жоғарыда келтірілген және басқа өлеңдерінде кездесетін педагогикалық мазмұнды пайымдаулары мен ой қорытындылары оның кара сөздеріндегі тәлім-тәрбиелік дидактикалық идеяларымен астасып, сабақтасып жатады. Мәселен, оның “Ғылым таппай мақтанба” атты өлеңіндегі жәйттер отыз екінші кара сөзіндегі білім, ғылым үйренушілерге қойылатын педагогика-психологиялық шарт-талаптарға толық үйлеседі.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҒҰМЫР ДИАЛЕКТИКАСЫ

*Өмір, дүние дегенін,
Ағып жатқан су екен.
Жаксы-жаман көргенін,
Ойлай берсең, у екен.*

Абай

Кейінгі кездерде әсіресе ұлы ақынның 150 жылдық “Торқалы тойы” қарсаңында Абай мұрасы туралы жарық көрген ғылыми зерттеулерде жалпы Абайтану ғылымы, оның әдістемесі, кәзіргі жағдайы мен келешегі, бірсыпыра салиқалы мәселелер қойылып жүр. Бұл орайда академик С.Кирабаевтың “Абай және кәзіргі заман” атты еңбекте қойған - “Абайдың әлеуметтік, саяси көзқарасын зерттеуде қоғам танушы ғалымдар белсенділік көрсетуді қажет деп білеміз. Бұл салада бұрын жүргізілген зерттеулер - бүтін тұтастай қайта қаралуы керек”, /17-бет/ - деген ойлары назар аударарлық. Мұнан туындайтын аса зәру, маңызды міндеттердің бірі - Абай шығармаларын топтай, қарастырылған тақырыбы мен мазмұн тектестігі, байланыстылығы бойынша зерттеу мәселесі. Абайтанушы Ж.Ысмағұлов бұл төңіректегі кемшіліктер мен міндеттерді саралай келіп, “Абай жөнінде қаншама көп айтылып, көп жазылса да, оның бүкіл шығармашылық мұрасын, оның ішінде ақындық қазынасын тұтас алып, сонан соң оны белгілі бір тақырыптарға бөліп немесе басқа бір принциппен жіктеп, шығармалардың ішкі мазмұнына тереңірек үңіле, жан-жақты талдай, оқырман қауымға неғұрлым түгел, тұтас қалпында жеткізерліктей кең алымды зерттеулер әлі де жеткіліксіз екенін” - нақтылай айтады. (Сонда 128 бс.).

Мұндай әдіснамалық көзқарас ғылымның берекелі де кемел болуы үшін тұтасты бөліктерге бөліп талдай келіп, сонан соң одан алынған дербес қорытындыларды етене біріктіре қарастыру, яки анализ және синтез ойлау әдістерін үштастыру жөніндегі логикалық қағидаға сай келеді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда үлкен ойшыл, философ ақынның өлеңдеріндегі жалпы өмір, адам ғұмыры, замана ағымы туралы терең толғаныстары, жіті байқамдары, оларды өлеңмен өрнектеу жолдары - өз алдына жеке дербес әңгіме, зерттеу нысаны болуға әбден лайық дүниелер екендігі басы ашық, даусыз мәселе.

Жалпы, өмір мен өлім мәселесі - Шығыс пен Батыстың ойшыл ақындарының шығармашылығында елеулі орны бар, дәстүрлі тақырып. Бұл тақырыпта сонау әл-Фараби бабамыздан бастап сандаған ұрпақ шайырлары тербеле қалам тартқаны тарихтан мәлім.

Біз бір мейман бұл жайда аз-ақ күндік,
Болымсызға таласып күн өткіздік.
Анталасып аптықпа тар қапасқа,
Адамға әлем мекен - ол мәңгілік, -

деп әл-Фараби өмір сүру ауқымын, кеңістігін бұл дүние мен ол дүниені біріктіріп, кеңейте сөйлесе, оның ізбасарлары Абду әли Ибн Сина мен Омар Хайям екеуіне бірдей телініп жүрген мына шумақта:

Дүниенің бар түкпірін оймен шалдым,
Сатурнның сырын да танып болдым,
Сан тосқауыл, түйіндер шешілгенмен,
О, ажал, жалғыз жұмбақ қалып қойдың.

деп адам ғұмырының бұл жалғандағы соңғы нүктесі - елімнің сыр-сиқырын болжап, біле алмай дағдарысқа түседі.

Абай өлеңдерінде де ғұмыр диалектикасының бұл мәселелері сан қырынан қозғалып, сөз болады, өмірдің баянсыздығы, шолақтығы, қартайып, ғұмырды лайықты түрде сүре білу, ақ өлімнің келмей қалмайтындығы, тән мен жан, ол дүние жайы терең ой-парасат талқысына түседі, оқушыларға ой тастарлықтай салдарлы ұлағат-өсиеттер тұжырымдалады. Абай мұнда бұрынғы ескі шиырды қайталамай, соны шешімдер, жауаптар іздеп, сан алуан ой толғамдарына, мұнды лирикалық суреттеулерге ырық береді. Оларды уыты күшті өлең сөздері, соны да тосын теңеулер арқылы кестелеуге тырысады. Бір мақала көлемінде бұл төніректегі Абай қозғаған мәселелердің барша мән-жайын, екей-текжейін айтып, түгесу мүмкін емес. Біз бұл арада азды-көпті өзіміз оқып, зерделеген пайымдауларымызды ортаға салмақшымыз.

Ғұмыр сырын, оның өткіншілігі мен тұрлаусыздығын Абай өте ерте түсінген, жаңа мұнды пендешілікпен адамның дер кезінде аңғара бермейтіндігі жөнінде үнемі әр түрлі мақамда өлең шумақтарымен өрнектеп отырған. Сонау бозбала кезінде шығарған әзіл-оспақ өлеңінде:

Сап-сап, көңілім, сап көңілім!
Сана кылма бекерге!
Сана кылғанмен пайда жоқ.
Дүние даяр өтерге,
Ажал даяр жетерге, -

екенін, естиярлықпен ерте ескерсе, кейінірек туған “Балалық өтті, білдің бе?” атты өлеңінде ғұмырдың өзгеру тездігін, күбылу жылдамдығын, көріліктің әлі-ақ келіп каларын риторикалық сауалдар тізбегі арқылы ойнақыландыра:

Балалық өтті білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті көрдің бе?
Көрілікке көндің бе? -

деп нақыштауында терең философиялық астар жатқанын байқау қиын емес. Бұл сарын Абайдың басқа өлеңдерінде тереңдей, салмақтана түсіп, ақынның негізгі тұрақты тақырып, мәселелерінің бәріне айналады, оның мұндағы ұстанған басты кредосы - бұл дүниеде бір Алладан басқаның бәрі өзгереді, туады, өседі, өледі, өшеді, сол шақтаулы ғұмырдың кесіп-пішілген өлшеміне орай өмір сүріп, характер кылып, мүмкіндерінше іс тындыру қажеттілігі. Мәселен:

Жас қартаймақ, жоқ тұрмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ.
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

немесе

Бір дәурен кемді күнге - бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық,
Жабдықта көкірек зор, уайым жоқ.
Дейміз де ешнәрседен қорғанарлық
“Еңе” “Еңеге” елірме, бозбалалар
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық.
Әсем балдық өлгенше кім қыларлық
Оған да мезгіл болар тоқтатарлық.

Ұлы суреткер ақын ғұмыр диалектикасын көрсетуде поэтикалық жаңа тәсілдер қолдана отырып, өмір ағымының сыр-астарын дөп басып көрсететін біртума туындылар жасайды. Мұның айқын үлгісі ретінде оның әйгілі “Тоты күс түсті

көбелек”, “Сағаттың шықылдағы емес ермек” сияқты інжу-маржандарын келтіруге болады. Бұлардың көпшілік кеңінен біріншісінде Абай тоты құс, бәйшешек сияқты ғұмыры әсем, келте табиғат түлектері мен адамзат тіршілік болмысын, тынысын қатар алып, “бес күндік” дүниенің күйлеулік құлы болмай, болымды іс-әрекет, алымды ақыл-ой арқылы оның қожасы болып өту мұраты жақаурата ишаратпен бейленеледі:

Тоты құс түсті көбелек
Жаз айларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.
Адамзатқа не керек
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харакет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

Ал екіншісінде ғұмыр барысы, жүрісі тынымсыз, үздіксіз етіп жатқан уақыт арқылы салғастыра суреттеліп, оның шын мәнінде пендеге білінбей, мейірімсіз де толассыз өтіп, ғұмырды ұрлап жатқаны ескертіледі.

Сағаттың шықылдағы емес ермек.
Һамиша өмір етпек ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі ұры шықылдаған.
Өмірді білдірмеген күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ тұрлау жоқ, келді. кетті,
Қайта ойланбас, бұрылмас бұлқыр заман.
Өткен өмір белгісі - осы сыбдыр,
Көңіші күнде сындыр, әлде тындыр...

Ғұмырдың бір сәт тоқтамай, сырғыған сынапша өте шығары, соны аңғарып, бұл дүние үшін өкінішсіз, қапысыз, абыройлы өмір өткізу әркімнің арман-мұңы болуы; “дүниенің кетігін тауып қалану” қажеттігі туралы Абай әркез айтып, ой тастап отырады. Мысалы:

Жалыны кайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің,
Бір кетігін ұстап бақ.

немесе:

Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс.
Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен.
Бістық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш, -

деп қысқа да нұсқа кесім айтса, бұл туралы: “Көк тұман - алдындағы келер заман”, деп басталатын шығармасында оны келешекпен байланыстырар келелі сөз қозғайды:

Көк тұман - алдындағы келер заман,
Үмітті сөуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр.
Сипат жоқ, суретте жоқ көзім талған.
Ол күндер - өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына түк қалдырмас.
Соның бірі - арқаулы таусыншақ күн.
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен,
Үй жолдасың кабірден әрі өткенде.

Ғұмыр диалектикасына түгелдей бағышталған Абайдың бас-аяғы бес шумақтан тұратын бірегей шығармасы: “Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен” өлеңін өз алдында дербес философиялық трактатқа тұрарлық дүние деп атаса артық болмас еді. Мұнда әуелі ғұмырдың балауса, жастық шағының қаперсіз үлкен үмітпен басталатыны көктемгі жас егін, көк өрім өсімдікпен баламалап, салыстыра бейнелейді

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен,
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен.
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөппен бой жеткен егінмен тең.

Бұл қайғысыз, қапысыз мажыражай жастық шақ ешбір тіршілік иесінің басында тұрақтап қалмақ емес. Рахымсыз жылдар, уақыт тізбегі өте келе, адам масағы дәнге толып піскен егіндей толысып, есею дәуірінің басынан кешіреді, оның арғы жағы - кәрілік кезең.

Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.
Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы қасірет жүзіңе белгі салған.
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ.
Сенің де басың имек жерге таман.

Бұл табиғи құбылыстың, өзгерістің ақыры. Тіршілік - болмыстың құрдымы дауасыз түрде өлімге ауысуы, “Тумақ бар жерде, өлмек барлығы” өленде асқан тапқырлықпен, шымыр да шынайы сөз тіркестері арқылы кестеленеді:

Өлейін деп өлмейді, өлерлік жан
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.
Адамзат - бүтін адам, ертең топырақ,
Бүтінгі өмір жарқылдай алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың білемісің.
Өлмек үшін туғансыз, ойлап шырақ.

Абайдың өмір, кәрілік, өлім туралы мұндай философиялық толғаныстары басқа өлендерінде де ұшырасып отырады.

Сүм дүние тонап жатыр, ісің бар ма,
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алшы үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?!
Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ айтығарға
Қай қызығы татиды қу өмірдің,
Татуды араз, жақынды жат қыларға.

немесе:

Қарашама өмір түр.
Тоқтатсам тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Адам ғұмырының қысқалығы, арманының үлкендігі арасындағы кереғарлықты, диалектикалық қайшылықты Абай өзінің әйгілі “Сегіз аяғында” былай түйіндейді:

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Максұт-алыс, өмір-шақ,
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар.
Не болады күр жоққа?!
Кештеп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.

Абайдың пайымы бойынша, адам - пенде, оның бұл дүниеде ұзақ та қызық ғұмыр суре бергісі келеді, алайда табиғат заңын ешкім аттап өте алмайды, жастық кетеді, өмір жәрменкесі көрген түстей өте шығады. Көңіл күлазиды, қиындығы мен қызығы қосарланған өткен шақ сағыныш, аңсар көгінде алыстағы сағымдай елес беріп есте қалады.

Есінде бар ма жас күнін.
Кімді көрсең - бірі дос.
Махаббат, қызық, мал мен бак
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ
Болар ма сондай қызық шақ?
Құдай-ау, қайда сол жылдар.
Махаббат қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп.
Алыстап кетті-ау күрғырлар.

“Ғабидоллаға” атты өлеңінде ақын ғұмырдың өлшеулі, қысқа екенін өмірі тым келте, дәмесі зор жауқазын реңінің толып, тозуына салыстыра суреттейді, нәм жастарға ғибрат етеді:

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын.
Қайдан білсін өмірдің көбін - азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып.
Бетегеге жете алмай болар жазым.
Мен дағы көп есіттім жастық назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
“Боламын мен” жүргенде болат қайтып.
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім.

Алайда Абай өткінші ғұмыр, қатыгез ажал туралы философиялық шындықты жайып сала отырып, күйреуіктік, шарасыздық, үрейленушілік тәріздес ниет-пиғылға біржола беріліп кетуді күнпатамайды, еңбек, күрес, адалдықпен өмір кешуді насихаттайды, уағыздайды. Адамға сын бұл жолда адамгершілікке, таза дінге берік болуды құрал етіп нұсқайды:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Өмірдің басы мен ақыры болуы - құдайдың, жаратылыстың заңы, ендеше осы өзіңе өлшей берілген аралықта адал болып, адам болып, “құламай, тура ет”, - дейді ұстаз:

Өмір жолы - тар соқпақ, бір иген жақ,
Иіліп, екі басын ұстаған жақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

Абай “бескүндік” өткінші - фәни дүниемен мәңгі бақи өмір ара салмағын таразылап, терең ойластыруды ескертеді.

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бакы қалмас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассын,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Бірақ ойшыл акын фәни деп, “опасыз” деп бұл дүниеден жердегі тірліктен баз кешіп, екі қолды төбеге қойып қарақетсіз отырып қалуды немесе дәруіш болып ел кезіп, тентіреп кетуді еш қолдамайды. Оның бұл тұрғыда көрсеткен, нұсқаған шипалы жолы ерінбей еңбек ету, имандылықпен салауатты ғұмыр кешу, мүмкін қадырынша өлгенде еліңе елерліктей азды-көпті мұра қалдыру, із тастау. Абай өлеңдерінде өткен ғұлама - фалсафашылар ұшығына жете алмай кеткен бұл мәселе, яғни өлім мен өмір ара-қатынасы табиғи сабақтастығы мен жалғастығы әр қырынан сөз болып, қорытындысында бұл дүниеде адал да мағыналы тұрмыс құрған кісіге ақ өлімнің жағтығы жоқ, оның қабірінен ары өткенде де беті жарық деген салауатты түйін айтылады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?
Дүниеге дос акиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Лермонтовтың “Молитва” /“Қасиетті дұға”/ өлеңінің аудармасына өзі енгізген қосымша шумағында Абай өмірге паралап келетін жақсы өлім бар екенін уәж етіп, оған лайыктану үшін тіршілікте махаббатты ту қып ұстап, абыройлы игілікті үлгілі еңбек ету арқылы халқына шама-шарқынша мұра қалдыруды өсиет етеді.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Абайдың ғұмыр диалектикасында “мен” және “менікі” деген философиялық ұғымдар кездеседі. Мұндағы “мен” - адам жаны, тәні, физикалық денесі, тән - табиғи нәрсе - тозады, өледі, жан рухани нәрсе тозбайды, өлмейді, мәңгілік дегенге саятын сияқты. Оның пікірінше, “мен” мен “менікінің” ажырасуы - өлу емес, мұны адамның мән-мәнісінің, тән болмысының бір сападан екінші сапаға ауысуы, яғни тән мәйіт болып бұл дүниеде қалғанда жан рух болып басқа мәңгілік қонысқа орынға көшуі деп түсіну қисынға келеді.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.
“Мені” мен “менікінің” айрылғаным
Өлді де ат қойыпты өңкей білмес.
Ақыл мен жан “мен өзім, тән-менікі,
“Мені” мен “менікінің” мағынасы - екі.
“Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел, бастан,
“Менікі” өлсе өлсін, оған бекі.

Олай болса, бұл дүниеде, нәпсі тән құзырларын шамасыз күйтей бермей, адам ғұмырының негізгі мән-мәнісі - әділет, арлылық, махаббат, шапағат т.б. мәңгілік, рухани қазына жиып-теріп өтуді өсиет етеді ойшыл ұстаз.

Шырактар, ынталарың, “менікінде”,
Тән кұмарын іздейсің күні-түнде
Әділеттік, арлылық, махаббат пен
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде
Адам ғапыл дүниені деп менікі.
Менікі деп жүргенің бәрі онікі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?

Ғұмыр мен ажал тұтастығы, “біреуге жай, біреуге тез” келетін қаза басқа түскен шақтарда болған іске болаттай болып, “қайғы келсе қарсы тұру” керектігі сияқты тоқтам-байламдар Абайдың сүйікті перзенті Абдрахмен қайтыс болғандағы жоқтау, жақындарын жұбату өлеңдеріне де өзек болады. Мәселен,

Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғариптікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым,
Ажалын да беріпті.

немесе:

Ұмытқаның жарамас
Жаратушы құдайды.
Халық билеген патшалар
Уақытты жетсе құлайды,
Дәл уақыты жеткенде,
Талайдың гүлі құрайды,
Расулді алған бұл өлім,
Кімнен жөнді сұрайды, - дегендер сияқты.

Ал енді аяулы інісі Оспан өлеңінде шығарған жоқтау, марапаттау өлеңінде бұл ғұмырды ерлікпен, адамшылық-абыроймен өткізген жайсаң азаматтың үздік үлгісін көрсетеді:

Жайнаған туың жығалмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай.
Жас қуатың тозылмай.
Жалын жүрек суынбай.
Жан біткеннен түңілмей,

**Жайдарлы жүзің жабылмай.
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай.
Жақсы өліпсің, япырмай.**

Біз сөзімізді кеменгер ақынның осындай асыл да асқақ жолдарымен аяқтауды жөн көрдік.

АБАЙ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒАЛЫМДАР ХАҚЫНДА

*Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.*

Абай

Данышпан Абай шығармаларында ғылым, ғалымдар, ғылым-білім үйрену туралы мәселелер үлкен орын алады. Бұл кездейсоқ емес, өйткені ол сонау Платон, Аристотель, әл-Фараби тәріздес хақимдердің жолын ұстап, дамытып, ғылымды, бүкіл дүниені де, адамды да танытып, білдіретін күдіретті күш-күрал деп санаған ғұламалар санатына қосылады.

Абай мұсылман шығысы философиясы мен ғылымында бастау алған үрдісті жаңғыртып ұластырып, жаратушы бір Алла мен табиғатты, адамзатты бірлікте, өзара етене байланыста қарастырады. Мұндағы оның басшылыққа алған негізгі діни-философиялық кредосы бүкіл жансыз, жанды әлем, яғни табиғат, оның құбылыстары Алла тағаланың шексіз күдіретінің хикметінің көрінісі, туындысы, бұл тылсым дүниені білуге ынтығу, ұмтылу, махаббаттану - оның иесі, жаратушысы құдай-тағаланың шексіз, сансыз кереметтері мен сипаттарын сезіп білуге бастар, апарар бірден-бір ақиқат жол. Бұл ғылым күдіреті арқылы жүзеге асады. Абай өзінің әйгілі отыз сегізінші сөзінде бұл тұрғыны, қағиданы былай негіздейді: “Адамның білімі хақикатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің емес, Һамманы білетуғын ғылымға ынтықтықтың өзіне де адамға өзіндік ғылым береді. Әнің үшін ол алланың өзіне ғашықтық керек. Ғылым-алланы бір сипаты, ел хақикат оған ғашықтықтың өзі де хақлық Һәм адамдық дүрдеп келіп, өлшеусіз, шексіз жаратылысты ғылым күдіреті арқылы танып, білу оны жаратқан бір құдайдың хикметін, кереметтерін сезіп білуге мүмкіндік беретінін негіздейді.

Мұндай танымдық характер талап, ниет, махаббат, әділет арқылы жүзеге асады. Бұл төңіректегі ойларын Абай өзінің қырық бесінші сөзінде былай нақтылайды: “Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарап білетуғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарап тартпақпыз, сол алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Нандым, сендім демек, нандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды-махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтуғын да жері жоқ. Ол жаратқан

тәңірінің ісі... Махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі ғалым, сол ғакіл. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп”.

Абай оқымыстыларды ұстаған тариқаттары, білім тереңділігі мен жан-жақтылығына т.б. жағдайлары бойынша екі топқа бөледі. Біріншілері бұрыннан қалыптасып мәшһур болған, зиялы қауым қалтқысыз қабылдаған нақлия шындықтарды айтып уағыздаса, екіншілері - логикалық себеп-қисындар мен дәлел-пікірлерге сүйенетін ақли шындықтарды ашып, көрсетуді мұрат тұтқандар, соған ғұмырларын арнағандар. Бұл екі деңгей-дәрежедегі ғылым-білім иелерін ел былай парықтайды: “хаким, ғалым асылда бір сөз, бірақ ғарафта басқалар дүр. Дүниеде ғылым заири /сырт, үстірт ғылым/ бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те атайы, бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. Құдай тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп төфәккәру фи әла иллаһи /Алланы ойлармен танырсын/ деген хадиске бинаән /негізделген/ бұл сүнғати құдайдан /құдайдың жаратқанын/ ізерлеп хикимет құдайға, пенде өз ақылы жетерлі қадарі ғана /білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хаким ат қойған”.

Абай үлкен ілгерілеушілік, жаңашылдық танытып шынайы білімпаз, рационал ғылымдарды мүмкін болғанынша жете менгерген хақимдерді ерекше қошаметтеп, олардың адамзат игілігі үшін сіңірген еңбектерін жоғары бағалайды. Ол былай дейді: “Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қазығы - осы жақсы хақимдер, әр нәрсе дүниеде солардың истихтажы тапқандары бірлөп рыуаж табады. Бұлардың ісінің көбі дүние ісі, ләкин осы хақимдердің жасағын, таратқан істері ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым хақим емес, әрбір хақим ғалым”.

Шығыстың ұлы энциклопедист оқымыстылары дәстүрлерін қолдап, дамыта келіп Абайдың басқа діндегі /ғайри дін/ Сократ, Платон, Аристотель т.б. бұрын-соңғы хақимдердің де ғылым-өнердегі орасан зор қызмет-әрекеттерін пәш етіп, өнеге етуін өз заманы үшін үлкен көрегендік, ерлік деп санау керек. “Ғайри діннің хақимдері, - дейді ел, дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі - пайғамбарымыздың хадис шарифі, хаирун нас мән янфағуннас /адамның жақсысы-адамға пайда келтірген адам/ деген. Бұл хақимдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармашылығына, яғни электрді тауып аспаннан жайды бұрып

алып, дүниенің бір шетінен қазір жауып алып тұрып, ет пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп тұрғандығы, уахсусан адам баласының ақыл-пікірін ұстартып хак пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі - баршасы нафиғлық /пайдалы/ болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жок”.

Мұндағы Абай қолданған “от пен суға қайласын /айласын/ тауып мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы” деген пікірде, біздіңше, үлкен ғылыми-техникалық астар жатқан сияқты. Шындығында “механика”, “техника” деген термин сөздердің түп төркіні ежелгі грек оқымыстыларынан алынған, ол қулық, қайла /айла/ деген ұғымды білдіреді. Кейінгі шығыс ғұламалары /әл-Фараби т.б./ бұл сөздің аясын кеңейтіп оны ғылымның математикаға қатысты бір тарауына айналдырған. Бұл қазіргі математикалық инженерияға сай келеді. Байып-тай қараған кісі “айласын /қайласын/ тауып” дегенде, Абай да білім-өнерді, техниканы меңзеп отырғанын байқайды.

Абайда тіпті музыка, поэзия ғылыми-математикалық негіздеріне қатысты терминдер ұшырасады. Мысалы: “салған ән көлеңкесі сол көңілдің тактысына билесін ол құлаққа”, немесе өткір өлең сөздері құрылымы туралы “қуаты оттай бүркырап, уәзінге өлшеп тізілген” деген жолдардағы “такты”, “уәзін” ғылыми термин сөздер санатына жатады, олар музыкалық және поэтикалық ырғақтардың, түзілістердің сандық /математикалық/ өлшемдерін білдіреді. Тіпті бір өлеңінде Абай ондық санның жүйесіндегі /арифметикадағы/ нөл мен бір /единица/ сандардың алатын орындарын дұрыс тауып бағалайды және оларды теңеу мақсаты үшін ойнақы әдемі пайдаланады:

Единица - жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады, өншең нөл?

Абайдың шынайы ғалымдар мен дүмше молдалар, арам ниетті ишандар әрекет-тірліктерінің арасын ажыратып ашып беруінде үлкен әділдік талғампаздық жатыр. Ол - “Бұл заманның молдалары хақим атына дұшпан болды. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фиғыл... Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешілік беремін деп әуре болып,

жүртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил кылады”, десе, екінші бір жерде: “Моллалар тұра тұрсын, хусусан бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңыздар. Ол фитна /бұзылған/ ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, көбі надан болады. Бұлардың сүйгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері тасбығы мен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ”, - деп қатаң ескертеді.

Айтыс, эвристикалық әңгіме түрінде жазылған он жетінші сөзінде Абай қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өз өнерлері, артықшылықтары туралы таластарына ғалымға төрелік жасатады. Сөз былай аяқталады: “Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғалым екен. - Осы үшеудің бір кісідей, менің /әлгі/ айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүрлерлік қасиеті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпында таза сақта, құдай-тағала қалпына әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы депті”.

Абайдың отыз бірінші және отыз екінші сөздерінде ақыл мен ғылымды және оларды оздыратын себеп-шарттар дәйектеледі. Мәселен, ол отыз бірінші сөзінде ғылым, білім игерудің естіген нәрсені ұмытпаудың негізгі бір шарты ретінде “...ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ол кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер”.

Осыдан кейінгі сөзінде Абай ақыл ғылымды оздыратын, өсіретін, орнықтыратын алты шартты негіздейді. Мысалы, бұлардың екіншісі “ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңілді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады... Бахас-өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған жірслану /тым берілу/ жарамайды. Егер жірсланса, өз сөзімшіл ғұрурлық /менмендік/, мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып төбелесуден де қашық болмайды”. “Алтыншысы - ғылымды, ақылды сақтайтуғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Керсоқызарлықпен, жеңілдікпен, біреудің орынсыз сөзінде, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып, үйреніп те пайда жоқ”.

Ғылым игерудің, ғалым болудың осы тектес алғы шарттары Абайдың әйгілі “Ғылым таппай мақтанба” деп басталатын дидактикалық өлеңінде де көрініс тапқан.

Ғылымның қадір-қасиетін тану, ғылым иесі - иманды, парасатты азамат болуға ұмтылу қажеттілігі Абайдың басқа да көп шығармаларында кездесіп отырады. Мәселен, оныншы сөзінде: “Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж, ешбір ғибадар орнына бармайды,” - деп өтіне есиет айтады. Көпке белгілі мына өлеңінде:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, -

деп өз өкінішін, наласын, ортаға жайып салады. Басқа бір сөзінде Абай “Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Малменен ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер өзі де мал, өнерді үйренбек өзі де ихсан”, - екенін ескерте келіп, бұл төңіректе түйгендерін “Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз”, “Баламды медіресеге біл деп бердім, қызмет қылсын деп бермедім” және басқа осы тектес өлең жолдарымен кескіндейді.

Жоғарыда айтылған адамда қайрат, ақыл, жүрек және ғылым бірлесуінің ізгі мәнісін ақын:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол, үшеуінің жөнін білмек,

деген шумақ арқылы шегелейді, тағы бір өлеңінде ол:

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның білім пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай? -

деп шамырқанады.

Ғылымсыз ақыл тауыпқ болмайды екен,
Болмаса күр суретсің бекер тұрған.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім

Бір ғылымның,
Бәрі де кесел асқанға
Үйткен адам жолығар,
Кешікпей-ақ тосқанға,

сипаттас жолдар Абайдың ғылым күдіретіне тәңгі болып, оны дәріптеп, насихаттап өткеніне куәлік етеді.

Ғылым қуу, ғалым болу туралы өз армандаған мұраттарын аяулы оқымысты ұлы Абдрахман бойынан, ойынан табады да Абай оны жоқтау өлеңдерінде келістіре, орнын тауып айтып, өзгеге үлгі-өнеге етіп ұсынғандай сынай танытады. Мысалы:

Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп жатпаған
Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Ғылым оқып білгенше.
Тыным тыныштық таппаған.

Аз өмірін ұзартқан
Ғылымға бойы толған соң
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Абайдың поэма, дастандарында ғалым бейнесі, ғылыми астарлы сюжеттер де кездеседі. Мәселен, атакты “Ескендір” поэма-сында Аристотель хақимнің бейнесі қанқұйлы Ескендір патша бейнесінен көп биік түр.

Сол күнде Аристотель - жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бара шара
Аристотель хақимге патша келді

“Әзім әңгімесі” дастанында химияны, әлхимияны жете меңгерген жәдігөй арамза ғалымның бейнесі жасалып, оның ғылыми әрекеттерінен хабар беріледі. Ол Әзімге мынадай сыр айтады:

Қорламаймын, нам балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені аяймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын

Психолог ақын ғылым, білімге құмарлықты адамның бір асыл қасиеті, ынтызарлығы санатына қосып, оны көпшілікке қонымды өлең түріндегі жұмбаққа айналдырады.

Сыналар, ей жігіттер, келді жерің,
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен
Соны білсең әрнені білгендерің.

Абай білімпаз ерлер еңбегімен ашылған жер қазынасы сан алуан асыл тас, минералдар арасында темірдің алатын орнын былай жұмбақтайды:

Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?

Осы сияқты сауалы да, шешуі де қазақы қара өлең мен өрнектелген мына жұмбақта да елеулі ғылыми-диалектикалық астар жатыр:

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,
Баяғдан соғысып әлі жатыр.
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

Шешуі:

Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,
Жақсылық пен жамандық - болды сегіз.

Абайдың ғылым, ғалымдар, ғылым-білім игеру жөніндегі пайымдаулары мен таңқандарын бір мақалада түгендеп айту мүмкін емес. Дегенмен, жоғарыда келтірілген мағлұматтар мен деректер ойшыл ақынның ғылым философиясы мен диалектикасының үлкен білгірі болғанын көрсетеді.

АБАЙ ЖӘНЕ БӨЛТІРІК ШЕШЕН

*Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл
Көсем де өткен не дүлдүл.*

Абай

Абай балалық шағынан бастап халықтың шешендік сөз өнерін жан-жақты меңгеріп, өсе келе асқан ділмәр, сұңғыла шешен аталғаны мәлім. Бұл туралы абайтанушылар біраз мағлұматтар жинақтады. Ұлы жазушы М.Әуезовтің “Абай жолы” романы мен “Абай” трагедиясында ақынның билік, шешендік талант-қасиеттері жақсы көрсетілген. “Қазаққа кара сөзге дес бермедім” деп өзі де айтып кеткен. Алайда бұл орайда тындырар шаруалар әлі де аз емес. Соның бастыларының бірі - ұлы ақын, суреткердің шешендігінің бастау көздерін, оның бұл жолда үлгі-өнеге алған дәстүрлері мен мектептерін, мүмкін қадырынша, айқындап, ажыратып көрсету болуға тиіс.

Сандаған ғасыр тарихы бар қазақ фольклоры - Абайдың көркем сөз өнерін емін-еркін игеруде айқара ашылған алғашқы есік, бастапқы басқыш болған. Абайтануды бастаушы саналатын Ә.Бөкейханов 1907 жылы орыс тілінде жарық көрген қазанамасында бұл туралы мынадай қызғылықты да мәнді куәлік келтірген: “Абай 20 жасқа жетер-жетпестен-ақ ең үздік шешен /оратор/, халық өмірінің, заң-жарғыларының асқан білгірі ретінде танылған... Өзінің білім құмарлығы мен ғажап зеректігі, зерделілігі арқасында халық аңыз-ай саналары, мақал-мәтелдері мен Қырғыз /Қазақ/ сахарасы кемеңгерлері жасаған қанатты, нақыл сөздерінің /афоризмдерінің/ тірі шежіресі дәрежесіне көтерілген.”

Шынында, Абай бүкіл халыққа көсемдік, жолбасшылық жасаған шешен-билерден, көнекөз, ақылғөй қариялардан, ақын-жырау, өнерпаз сал-серілерден қалған мақал-мәтелдер, тақпақ сөздер, билік-қазылықтар, т.б. сөз өнері үлгілерінен көп оқып, көп тоқыған. Оның:

**“Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап кара”, -**

дегені осыны айғақтайды. Абай шығармаларында қазақ даналылығының символы /белгісі/ дерлік артына әсем сөзбен кестелеп, тақпақ, мақал, көсем сөздер арқылы рухани ескерткіш, азық

қалдырған ардагерлер есімдері ұшырасып отырады. Мәселен, ол “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деген еңбегінде аты шулы Шыңғысты хан сайлауға қатысқан он екі кісінің бірі - үйсін Майқы биді атап айтып, “Түтел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би” деген мақал келтіреді. Сол сұңғыла Майқы халқының қиын-қыстау, бұлыңғыр болашағын болжап, былай тақпақтап, өрнек қалдырған екен:

“Әлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер.
Мінгенің арба болар,
Бар күс қарға болар.
Жансыз арба ат болар,
Темірден күс болады,
Ұрпағымның көргені сүс болады.”

Қазақтың рухани тариқында шешендік пен көсемдікті қатар ұстай, оларды халық бірлігін, тәуелсіздігін нығайтуға ұран да, құрал да етіп жұмсай білген алыптар шоғыры - Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерден де Абай көп тәлім алған. Ол өзінің түп нағашысы Қазыбек, әкесі Құнанбай түсінде аян беріп қолдағаны туралы бала кезінде бір досына былайша сыр етіп айтқан көрінеді:

Түсінде нағашысы /үйіндегі/ Мауқай болып, есіктен өлендете қоя беріпті:

Алтекем шақырады кел деп мұнда,
Ер Қазыбек қолдай көр қысылғанда.

Сонда Абай тұрып:

Орта жүзге үлгі айтқан менің әкем,
Сан назынды үйретіп қылған молда, -

деп өз даусынан шошып оянса керек.

Абайдың халық қазынасы айдынында еркін жүзіп, мол нәрлендіруде:

“Арғынның ардагері - әж Құнанбай,
Өзінің заманында айқын таңдай,” -

деп Біржан ақын басына көтерген Құнанбай бидің орны ерекше зор болғаны енді-енді ғана айтылып, анықтала бастады. Абай ең әуелі өзінің әкесі осы Құнанбайдың шешендік мектебінен өткен. Заманымыздың заңғар жазушысы, абайтану ғылымын негіздеп

кеткен М.Әуезов өзінің “Абай жолы” романында әжуа түрінде Абайдың туыс ағасы Жұман мынжың-қырттың аузына әкелі-балалы шешен сөздің шеберлері туралы мынадай сөздер салуында шындық жатыр.

- Осы қазақ иттің не оттағанын білмеймін. “Жұман қырт, Жұман қырт” деп маған ат қойып, айдар тағып алды. Соңымнан бір қалсайшы. Егер көп сөйлейтін кісі қырт болса, кешелер дүйім елді жиып алып, күні бойы Қүнекең жалғыз өзі сөйлеуші еді. Бүтін мынау Абай, тағы бір ет асым жапа-жалғыз сөйледі. Көп сөйлеген қырт болса, анық қырт осылар емес пе?”

Абайдың өзі де әкесінің ақыл-өнерін, көсемдігін:

“Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманға атакты
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жинап құрапты,” -

деп суреттеуі құрғақ дәріп, бос мадақ емес.

Абайдың халық ауыз әдебиетін, сырбас сөз кестелерін жетік білгендігі - оның қара сөздерінде оңдаған мақал-мәтелдерді қолданып, талдауынан да айқын байқалады.

Абайдың шешендік жолдағы шәкірттік ізденістері мен ғибраттары тек ауыл аймағы, атырабы ауқымындағы естіген, сезген үлгілермен шектеліп қалмай, бүкіл қазақ киелі, бәтуалы сөз шеберлері жасаған дүниелерді де қамтиды. Бұл тұрғыда Абайдың сәл алдында ғана өмір сүрген, бүкіл қазақ, қырғыз жұрттарына мушһур болған сайыпқыран шешен, әрі үш жүздің айтулы билерінің бірі болған ысты Бөлтірік Әлменұлын айрықша айту ләзім. Шежіре деректеріне сүйенсек Бөлтіріктің руы Ыстыны /Жауатарды/ Абай атап өткен Майқы биден таратады. Филология ғылымының докторы, профессор Ж.Дәдебаев жуырда көрнекті ділмәрдің сөздерін жинастырып, кітап етіп бастырып, бірсыпыра зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды /Бөлтірік Әлменұлы, Шешендік сөздер. Алматы. Ғылым. 1993, “Қазақ тілі мен әдебиеті,” 1994, № 7-8/.

Абай Бөлтіріктің шешендік мұрасымен қаншалықты таныс болғандығын көрсететін тікелей, нақтылы деректер әзірше қолда жоқ, алайда қосымша сыртқы мағлұматтар мен қисындар - ол Бөлтірік шешен өмірінен, өнерінен хабардар болып, үлгі алған деген ғылыми жорамал /гипотеза/ жасауға, негіздеуге

мүмкіндік беретін сияқты. Сол қисындар мен сабақтастықтың біразын келтірейік.

Біріншіден, Бөлтірік пен Құнанбай замандас, өзара таныс болды деуге негіз бар. Кейінгі зерттеулер ҚСЭ-да Бөлтіріктің туған жылы ешбір дәлелсіз үлкейтіліп көрсетілгенін анықтап отыр /“Ақжол” газеті, 1991 ж., 8 тамыз, автордың “Бөлтірік шешен” атты мақаласын қараңыз/.

Тарихшы, журналист Б.Әбділдаевтың көрсетуі бойынша Құнанбай мен Бөлтірік екеуі Жалайыр мен Наймандар арасындағы жер таласы туралы бір үлкен дауда шешендік айтысқа түскен: екеуі екі жақтың сөзін сөйлеп, қару соғысын, қан төгіс қаупін сөз сайысына, берекелі бітімге айналдыруға күш жұмсап, бейбітшілікке қол жетеді. Бұл жөнінде ауызекі және тарихи жәдігерліктер /архив деректері/ сақталған көрінеді. Мәселен, Қасқабай Мұқанұлы өзінің зерттеу мақаласында бұл даудың қалай өтіп, батуаға қалай қол жеткені туралы мынадай тарихи куәлік келтіреді: “Айтулы күн жетіп ақбоз үйлер тігіліп бір жағына орта жүздің Құнанбай бастаған жақсылары мен билері, бір жағына ұлы жүздің Бөлтірік бастаған жақсылары мен билері жайғасады. Қаптаған қалың ел, алқа қотан отырып, шешендердің аузын бағады. Сонда Құнанбай Бөлтіріктің ділмар, бір сөзі бір сөзінен асып түсіп отыратын, аузы дуалы шешендігін бағалай, сөз бастайды.

- Ау, Бөлтеке, бұл жерге өнер салысқалы келгеніміз жоқ, екі елді жарастыру жолын табайық. Аға баласы сіз әділдігін айтыңыз, сөзді сізге, сізді құдайға тапсырдық, - дейді.

Қарағым, Құнанбай сөйле десең сөйлейін, - деп бастап, айтар билігін күмәнсіз дәлелдермен әділеттікті шындықпен суара отырып, дауды бітірген екем.

Құнанбай сөзге тоқтап, Бөлтекенің дәлеліне иланып, “Бөлтірік, сөзің дәлелді. Жер дауы осымен бітсін! деп екі би күшақтасып табысып, екі елді жарастырып тарапты” /“Алматы ақшамы”, 1995 ж. 21 шілде/.

Абай бұл шешендік сайыс желісін, билік уәждерін, мұндағы негізгі тұлға Бөлтіріктің сөз баптауларын жақсы білуі - шындық ауышына жақын. Мұның үстіне Бөлтірік Құнанбай мен Абай құрмет тұтқан тобықтыңдан шыққан әйгілі би Қараменденің туған жиені болғаны белгілі. Бұл жағдай да Абайдың Бөлтірікпен арақатысын, өнердегі тәркіндіктерінің күшейге түседі.

Абаймен жақсы біліс болған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы, зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпеев Бөлтірік бидің шешендік сөздеріне жоғары баға беріп, оларды елге таратып,

қағаз бетіне түсіргені мәлім. Мысалы, “Қырғыз, қазақтың байлық жарыстырып айтысқанда Бөлтіріктің айтқан сөзін” осы кісі бастырып таратқан. Мәшһүр Жүсіп Құнанбай Қажының көсемдігі мен сөз тапқырлығын марапаттап, Ақмола ведомостінде қосымша қазақ тілінде шығатын “Дала уәлаяты” газетіне шығарады. Мұнда ол: “Өлген әкеңе арнайы ас бермедің: атадан бала тұса игі еді”, - деп Абайға өкпе-наз білдіреді.

Бөлтірік те, Абай да қазақ хандары мен билерінен мирас қалған “Жеті жарғыны” жетік білуді көсемдік, билік сөздің арқауы санайды. Бөлтірік мұны:

Жеті атаңды біл,
Жеті руды біл,
Жеті жарғыны біл,
Жеті құбыланы біл, -

деп тақпақтаса, Абай өзінің үшінші қарасөзінде “Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы “Қасым ханның қысқа жолын, Есім ханның ескі жолын”, өз Тәуке ханның Күл Төбенің басында күнде кеңес болғанда “Жеті жарғысын” білмек керек,” - деп нақтылай, толықтырады.

Бөлтірік пен Абайды етене жақындастырып, сабақтастыра түсетін негізгі жол көрсеткіш - олардың шешендік шығармашылығы мен ой толғау, сөз қолданыстарын салыстыру болып табылады. Абайдың естеліктерімен халық арасында таралып, сақталған билік, шешендік, қанатты сөздеріне қоса, оның көптеген бір шумақтан тұратын қысқа да нұсқа өлеңдерін де осы қатарға жатқызу жөн сияқты. Мысалы, “Кім екен дей келіп әм түйе құған”, “Еріксіз түскен ылдидан” деп басталатын тұжырым-шумақтар сияқты. Абайдың белгілі бір кісіге шығарған қысқа арнау өлеңдері де осылар тектес. Оның нақыл сөздері /афоризмдері/ жинақталған отыз жетінші сөзі - бұл бағыттағы теңдесі жоқ біртума шығарма екені даусыз. Абайдың басқа шығармаларында да қанатты сөз, афоризмдерге айналып кеткен немесе айналғалы тұрған сөз тіркестері қаншама?!

Абай өзінен бұрынғы би-шешен, ділмарлар мұрасын бағалауда, айтайын деген ой тереңдігі мен оны өрнектейтін өткір де қуатты сөз көркемдігі, тазалығы сәйкес келіп астасуын алғы шарт етіп қояды.

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап,
Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

немесе:

Қуаты оттай бұрқырап,
Уәзінге өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз
Наданға қадірсіз.

Абайдың осы талабын қанағаттандырған сирек кездесетін дара талантты билер, сөзгерлер қатарына Бөлтірік шешенді қосуға әбден болады. Бөлтірік өзінің бүкіл билік, төрелік айтыс-керлік сөздерін түйіні тастай, түрі жіптіктей елеп, тақпақ түрінде кестелеп отырған. Бұл үрдіс Абай дегеніне, ойына, мақсатына тура келеді. Бөлтірік пен Абайдың шешендік шағармашылықтарын, туыстастыратын басты дәнекер, өткел - ол поэзия, шайырлық. Бөлтірікті ұлағатты шешендерден шыққан ақын десек, Абай арқылы ақындардан шыққан - ойшыл, шешен. Тіпті кейде бұлардың ақындылығы мен шешендіктерінің арасын ажыратып болмайды. Бөлтіріктің зерттеуші Ж.Дәдебаевтың қорытындысы бойынша Бөлтіріктің жекелеген сөзінен де, жалпы өнерпаздық өнегесінен де жарқырап көрінетін басты екі көрнекілік эстетикалық ерекшелік бар. Оның бірі - тереңдік, ой мен сөздің айкындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрған бір ерекше өлшем бар. Ол - жүйелілік /“Қазақ тілі мен әдебиеті”, 1994, № 7-8, 128 б/.

Бұл сипат, ерекшеліктер Абайдың шешендік өнерінде онан сайын күшейе, асқақтай көрініс, рең тапқан деп толық сеніммен айтуға болады. Бұл қорытындылар дәлелді болу үшін олардың туындыларынан біраз мысалдар келтірейік. Бөлтірік:

Құлын бермес биден
Лақтаған ешкі артық,
Байлау бермес биіңнен
Үндемеген есті артық, - десе, Абай дәл осындай

мақал, ырғақпен:

Еріксіз түскен ылдидан,
Еркінмен шыққан өр артық.
Қорлықпен өткен өмірден,
Көсіліп жатқан көр артық, деп кеңейте,
салмақтандыра тақпақтайды. Бөлтірік:

Наданнан жаман туады,
Жаманнан сараң туады,
Сараңнан арам туады,
Арамнан содыр туады, - деп сөз ойнатса, Абай
бұл сөз саптауды құбылтып, ғұмыр туралы риторикалық
сауалдар тізбегін өрбітеді:

Балалық өтті, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Көрілікке көндің бе?

Бөлтірік жер, ел, ер, отбасы берекесін өзек етіп:

Жер деген - байлық,
Ел деген - халық.
Жерді су көтереді
Елді ер көтереді.
Жердің құты күйінде болады,
Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты биінде болады, - десе, Абай мұндай
толғаныс, тапқыр сөз тізбектеу тәсілін қолданып, ғұмыр туралы
философиялық терең мәселелерді түйіндейді:

Дүние - үлкен көл,
Заман - соққан жел.
Алдыңғы толқын - ағалар,
Артқы толқын - інілер,
Кезекпенен еленер,
Баяғыдай көрінер.

Осы тәріздес Бөлтіріктің:

Ажарыңа ажарым сай еді,
Ойыңа ойым сай еді,
Бойыңа бойым сай еді,
Сөзіңе сөзім сай еді,
Өзіңе өзім сай едім,

Енді, міне,
Ұмытпастай іс еттің,
Өзің талап,
Күшігіңе тістеттің - деп келетін өлең жолдары

мен Абайдың:

Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты, - деген бірқакпа жұмыр тіркестері арасындағы құрылымдық, мағыналық жақындықты аңғару қиын емес.

Іздеген кісі Бөлтірік пен Абайдың билік қаракеттері мен ондағы тура да шешен сөздерінен де ұқсас, төркіндес тұстарды табары даусыз.

Бөлтірік те, Абай да өз замандарындағы билеуші тап өкілдері болған, бірақ қоршаған айналасы олардың ақыл-парасаты, өнерін, турашыл-шыншылдықтарын көре алмай, не түрлі кедергі-қырсықтарға ұшыратып, ақсатуға тырысқан. Атап айтқанда, Бөлтірк Қоқан хандарына арқа сүйеген Қуандық тағы басқа кертартпа датқа, билерден дұшпандықты көп көрген. Солардың кесірінен аяулы баласы Танабай 32-жасында күмәнді, дүдәмал жағдайда оққа ұшады. Осы және басқа себептерден Бөлтірік ауыл-аймағымен Қаратау, Талас бойын тастап, Іле, Балқаш өңіріне қоныс аударған. Ол ұлының жоқтауына арнап лайықты өткір, шешендік сөздер термелеген:

Қатқан тонды Қасқырбай,
Қатарым деп аттың ба?
Тескен тонды Түндікбай,
Тендесім деп аттың ба?
Ат басындай алтыным,
Қой басындай күмісім,
Жер астында жаттың ба?

Дәл осындай болмағанымен, ұқсас жәйттер Абайдың да басынан өткені мәлім. Ол да Оразбай, Тәкежан сияқты қара ниетті, пасық, надан бай-болыс ағайындарынан “етек бастыны” көп көрген, таякқа жығылған. Елінен безіп кетуге шақ қалған. Ол да ерлікпен, ерлікпен ерте кеткен жақсы інісі Оспанды, оқымысты ұлы Әбдрахманды жоқтауға бағыттап көптеген өлеңдер мен шешендік шумақтар жазып қалдырған. Мәселен, Оспанды:

Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Қорықпай өтті,
Жанға жетті,
Арман етті досынан.
Сондай ерді -
“Ала берді”

Табар енді біздің ел! - деп өкінішпен, наламен егіле есіне алады.

Қорыта айтқанда, Абай шығармашылығындағы шешендік қыр-сырлар, олардың халықтық бастау-көздерін, әсіресе Бөлтірік дәрежелес Қыр Демосфендері туындыларымен іліктес-сабақтастықтарын ашу - әлі де болса көп ықтияттап зерттеуді, тексеруді қажет ететін үлкен көкейкесті мәселе. Біз бұл мақаламызда осы төңіректегі түйгендеріміз бен жиғандарымызды ортаға салып, пікір-алысуды көздедік.

АБАЙ - ДАУАНИ - ЭЛ-ФАРАБИ

*Мұны жазған білген күл,
Ғұламаыи Дауани.*

Абай

Данышпан Абайдың шалкар теңіздей ақындығының қайнар көздері турасында аз айтылып, кем жазылып жүрген жоқ. Алайда, Абай жалаң ақын ғана емес, терең ойшыл-философ, ағартушы, жан-жақты білгір ғұлама болғаны белгілі. Міне, ұлы ақынның бұл саладағы бастапқы нәр алған сусындаған бұлақ-бастаулары жөнінде, біздіңше жетерліктей әңгіме болып, айырықша зерттеу нысанасы болмаған сияқты.

Абайдың ойшылдық, оқымыстылық мектебінің басты да негізгі біреуі - орта ғасыр заманында өмір сүрген мұсылман фәлсафашылары /философтары/ мен бесаспап білімпаздары екендігі басы ашық, дау тудырмайтын шындық. Абай тек олардың еңбектерімен ғана емес, солар арқылы ежелгі юнан /грек/ жұртының хакімдерімен /Сократ, Платон, Аристотель/ жақсы таныс-біліс болған. Әрине, Абай ол ұстаздарының пікірлерін, нақыл сөздерін зердесінен қайта өткізіп, дамытып жаңа сатыға көтеруі табиғи нәрсе.

Абайдың жас шағында Шығыстың ұлы ақын-шайырларына сиынып жазылған бір өлеңі:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафиз - бу Һаммаси
Мәдет бер я шағири фарияд, -

деп келеді. Ал бұл ақындардың қай-қайсысы болмасын заманындағы сан түрлі ғылым-білімді жетік меңгерген білімпаздар болатын. Мәселен, өзбектің ұлы ойшыл ақыны Новаи бір сөзінде Аристотельден Фарабиге дейінгі ғылымды қарап шығып тәлім алғанын ашық айтады.

Абай шығармаларын оған дейінгі Шығыс оқымыстылары рисалаттарымен /трактаттарымен/ салыстырып, байыптап қарап, сарапқа салғанда көптеген ұқсас пікірлер мен ортақ жәйттерге тап болады. Бұл тұрғыда Фараби мен Абайдың ғылыми-философиялық, оқу-ағартушылық, поэзия, өнердегі кездесетін көптеген өзара жақын келетін идеялар, қағида, тұжырымдар, ұстанған принциптері айқын мысал бола алады. Біз олар туралы осы кітабымызда реті келген тұстарда қысқаша айтып отырдық.

Фарабидің жолын қуған ұлы шәкірті Әбу Әли Ибн Сина мен Абай арасында да ғылым-білім жөнінде сайма-сай келетін тұстар аз емес. Мәселен, Әбу Әли Ибн Сина өзінің бірсыпыра рубайяттарында адамдарды білімді болуға шақырады, білімді кісі ғана өз күшін толық сезе алатынын айта келіп, бірақ та нағандар алдында білгенінді орынсыз дәріптер, қасиетті сырынды беталды, жөнді-жөнсіз аша көрме, - деп кеңес етеді. Ол шәкірттеріне: “Құпиянды кез келгенге айта берме, абай бол: естілік бір басқа, сақтық бір басқа. Егер сақтай білсең сенің сырын өзіннің пенден, ал әшкерә етіп алсаң - сен оның пендесің,” - деп орынды ескерту жасайды.

Ұлы ғұламаның бұл пікірі Абайдың:

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күнdestігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден, -

деген нақыл сөзімен үндесіп жатыр.

Шығыстың көп ойшылдары /Омар Хайям және басқалары/ өлеңдерін философиялық терең ойларды халыққа қонымды түрде жеткізудің құралы ретінде шебер пайдаланған. Осыған орай Абай өлеңдерінде де ойшылдық, ағартушылық сарынды көптеп кездестіреміз. Абай шығармаларында поэзия мен логика астасып, қабысып жатады.

Этика, мораль /ақлақ/ жөнінде жазылған “Ғылым таппай мақтанба” атты әйгілі өлеңінде Абай өзінен бұрын өткен ғұлама-ойшылдардың айтқан нақыл, қисынын өнеге етіп, үлгі ретінде ұсынады:

Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл
Көсемде еткен не дүлдүл
Сөз мәнісін білсеңіз
Ақыл - мизан, өлшеу қыл, -

деп келіп, өзінің Шығыс ұстаздарының беделіне сүйенеді:

Мұны жазған білген күл,
Ғұламаи Дауани
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқып және ойла, - деп нұсқайды.

Ал Абай құрмет тұтқан бұл Дауани кім? Жалаледдин Дауани 1427 жылы туып, 1502 жыл қайтыс болған иран-парсы жұртынан шыққан философ және энциклопедист ғалым, атақты Әлішер Навои мен Әбдрахман Жәмидің тұстасы, Фараби мен Әбу Әли Ибн Синаның жолын қуашы. Дауани туралы толық деректі: 1972 жылы Ташкент қаласында шыққан “Из философского наследия народов Востока” кітабынан табуға болады.

“Мен, - дейді Дауани - Аплатон мен Аристотельдің зерттеулерін өз бетімше толығырақ кемелірек баяндауды мақсат еттім, Фараби мен Ибн Сина жетістіктерінің бар ұлылығын жарқырата көрсетуге ұмтылдым.”

Жалаледдин Дауани филоофия, математика, логика /мантық/, қалам, этика, заң ғылымы салаларында жемісті еңбек етіп, бұл салалар бойынша 105-тен еңбектер астам жазған. XV ғасырдан бастап оның шығармалары ғылымның барлық салалары бойынша реси оқу құралдары ретінде қабылданып, бүкіл Шығыс медреселерінде кеңінен пайдаланылған. Жоғарыдағы келтірілген мағлұмат Абай заманында оның кітаптары қазақ зиялылары арасында белгілі болғандығын көрсетеді. Дауани өлең жазумен де шұғылданған.

Дауанидің аса көрнекті еңбегі - “Ақлақ Жалали” /Жалал морали/ парсы тілінде жазылып, кейін түркі тіліне аударылған. Ол негізінен адамгершілік, этика мәселелеріне арналған. Зерттеушілердің пікірінше Дауанидің бұл еңбегі Фараби мен Ибн Синаның этикалық шығармаларының тікелей әсерімен жазылған. Ол үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімінде әділдік, батырлық, кеменгерлік, қанағат сияқты адамгершілік қасиеттері талданады. Кеменгерліктің өзі негізгі жеті элементтен тұрады, ал батыр адам шыдамдылық, кішіпейілділік, намысшылдық, аяушылық т.б. қасиеттерге ие болуы шарт.

Дауани әділдікті он екі түрге ажыратады: шыншылдық, адалдық, достық, өзара сыйластық, рақымшылдық, сертте тұрушылық т.б. Оның жіктеуі бойынша қанағаттың түрлеріне: сабыр, азды місе тұту, ұялу, салқынқандылық, еркіндік, жомарттық, бас имеушілік, тақуалық т.б. жатады.

Әрине, заманына, ортасына, ғалымның философиялық көзқарастарына байланысты Дауани классификациясының кемшілігі де болған, дегенмен ол нұсқаған этика нормалары ғасырлар бойы негізінен елеулі прогрессивті қызмет атқарған.

Дауани еңбегінде көрсетілген бұл адамгершілік категориялары Абай заманына дейін әр түрлі ғалымдар талқысына түсіп түрліше рең алып, өзгеріске түскен. Абайдың өзі сол кездегі қазақ өміріне

лайықтап, орыс және Европа ғалымдары мен ойшылдары еңбектеріне сүйеніп Дауани пікірлерін дамыта түскені анық. Абай Дауани ұсынған адамгершілік нормаларын қалың елі, қазағының тұрмысына, психологиясына сай түрлендіріп әсем поэтикалық тақпақ түрде жеткізуге ұмтылады:

Бес нәрседен кашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуін, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз,
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Фараби болсын, Дауани болсын тәрбиемен қатар үнемі ғылыммен айналысуды асыл мұрат ретінде ұсынады, олар мұндай өрекет кісінің жанын тазалап, адамгершілігін арттырады, жаман әдеттен аулақ жүруге жол ашады деп көрсетеді. Дауани мынадай мысал келтіреді: “Ежелгі юнан /грек/ жұртының кемеңгері Аплотаннан қай уақытқа дейін оқу ләзім деп сұрапты. Сонда ол: “Қашан надандық айып болып көрінгенге дейін,” деп жауап беріпті. Дауани пікірінше ғылым үйрену ешқашан кеш емес.

Абай болса өзі кейбір себептермен ғылымға “қолын мезгілінен кеш сермегенмен” ғылым-білімді өле-өлгенше уағыздап өткен ғұлама.

“Ғылым таппай мақтанба
Орын таппай балтанба.”
“Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.”
“Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын шен алсын деп бермедім.”

Біздің кейінгі зерттеулеріміз Шығыс ғұламалары ізімен, ықпалымен жазылған. Бұл терең ғылыми-философиялық талдау өлеңінің тағы бір соны қырын тануға мүмкіндік беретін сияқты. Ол ғалым болу, ғылым қуу мақсаты, шарты, жолдары туралы аса маңызды, зәру проблемалары төңірегіндегі пайымдаулар мен

болжамдар. Бұл мәселелердің бастау көзі - Шығыстың сонау қайта Өрлеу заманындағы рухани асылдар төңірегінде жатыр деп айтуға болады. Оларды қою, саралау, шешу жөніндегі ізденістерден әл-Фараби бастап, Ибн Сина, Дауанилар қостай, Абайға дейін келіп жеткен терең тамырлы, болашағы берекелі дәстүр, үрдіс байқалады. Мысалы: әл-Фараби өзін “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” атты кілең ғылыми-философиялық тұжырым-қағидалардан тұратын трактатының бір бабын тура осы мәселелерге арнайды. Нағыз философ, ғылым адамы болу үшін қойылатын алғы шарттар туралы ол Абай ойларына сарындас пікірлер айтады. Бұл арнайы зерттей, әңгімелеуге лайықты ғылыми қызықты мәселе. Ол келешектің жұмысы.

Платон, Аристотель, Фараби, Абай, Дауанидың қай-қайсысы болсын музыкаға үлкен мән берген. Олардың барлығына бұл саладағы ортақ жәйт: музыканың, ән-күйдің адам сезіміне тигізетін игі әсері, тәрбиелік ықпалы. Бұл тұрғыда Абай ұстаздарының музыка жайлы айтқан ғылыми қағидаларын тіріліп, дамытып оның ән тактысының-ырғағының кісінің көңіл-күйіне дөп келуін, жүрек қылын шертіп рухани жағдайын түрлендіретін, құлпыртатын кезеңдерін ашып көрсетеді. Мұны ұлы ақынның музыкалық эстетика /әдемілік/ ғылыми жөніндегі мәні зор, игілікті жетістігі деп қарау жөн.

Бұл сияқты әрі теориялық, әрі практикалық мәні зор лайымдауларын ол өзіне тән асқан шеберлікпен қисынын тауып шағын өлеңдерге сиғызады, киюластырады.

Бұл келтірілген ежелгі ғұламалар мен Абай арасындағы ұқсастық, ортақтық, ауыс-түйістік туралы пікір-қорытындылар әлі де болса нақты дәлелдерді, жан-жақты зерттей түсуді қажет етеді.

Мұндай ізденістер казак мәдениетінің қос дінгеі Фараби танудың да, Абайтанудың да көсегелерін көгертуінде ешкімнің күмәні болмаса керек.

М А З М Ұ Н Ы

Абайдың педагогикалық кара сөздері	3
Абайдың отыз сегізінші сөзі және оның ақын шығармаларындағы орны	12
Абай шығармаларындағы тарихи-танымдық мағлұматтар	19
Абай-халық педагогикасын кемелдендіруші	27
Абайдың имандылық ілімі	37
Абайдың педагогикалық мазмұнды өлеңдері хақында	44
Абай өлеңдеріндегі ғұмыр диалектикасы	51
Абай ғылым және ғалымдар хақында	62
Абай және Бөлтірік шешен	69
Абай - Дауани - әл-Фараби	78
Мазмұны	83

Ауданбек Көбесов

**Абайтану дәрістері
/Оқу кұралы/**

Шығаруға жауапты: *Т.Жанғалиева*
Көркемдеуші редакторы: *Ж.Қасымхан*
Техникалық редакторы: *Н.Передереева*

Басуға 20.04.2000 ж. қол қойылды
Шартты баспа табағы 5,3 б.т. Есетті баспа табағы 4,5 б.т.
Пішім 60x84 1/16 Таралымы 1000 дана
Тапсырыс № 64

**Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының
Республикалық баспа кабинеті**